



ЖЫЛ ЖАБАР

ТАҒЫ БІР

BELES



Тағы бір жылды шығарып салып жатырмыз. Қазақы ұғым бойынша, доңыз жылы тыныштық болады деп айтылады екен. Солай болды. Құдайға шүкір, ел іші тыныш, іргеміз бүтін.

Сонымен, 2019 жыл несімен есте қалды? Осыған тоқтайлық. Жылдың ең өзекті жаңалығы — Президент сайлауы өтті. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатты. Орнына белгілі саясаткер Қасым-Жомарт Тоқаев келді. Бұл — қазақ тарихындағы айтулы оқиғаның бірі.

Сондай-ақ биыл бірқатар әлеуметтік мәселелер оң шешімін тапты. Мәселен, күнгейден теріскейге көшкен елдің саны артты. Оларға берілетін квота көлемі де, бір реттік өтемақы да қосылды. Келер жылы теріскейге қоныс аударушыларға бөлінетін қаржы тағы да көбейеді. Ал 2019 жылдың ең өзекті түйткілі — көпбалалы аналардың әлеуметтік тауқыметі еді. Оның да реті табылды. Балалы-шағалы отбасыларға әлеуметтік жәрдемақы беріліп, баспана тапшылығы да шешімін тапты. Сөйтіп, бұдан былай көпбалалы отбасылар 2 пайыздық жеңілдетілген тәртіппен пәтер ала алатын болды. Одан бөлек, аналарға банктен алған несиелерін кешіру сияқты қамқорлық жасалды. Шілдеге қарай Арыста жарылыс болған-ды. Ел басына түскен ауыртыпалықты жұрт болып жұмыла көтердік. Ешкім баспанасыз қалған жоқ. Арыстағы жарылыс кезінде бірнеше қалада митинг өтіп жатты. Митинг демекші, Қ.Тоқаевтың шешімімен бұдан былай бейбіт митингі өткізуге рұқсат берілетін болды.

Еліміздің өнері мен мәдениетіне үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар Президент Жарлығымен

марапатталды. Олардың қатарында газетіміздің жанаһшылары мен авторлары — абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы мен жазушы-композитор Ілия Жаканов та бар. Мекемтас ағамыз І дәрежелі «Барыс» орденімен, Ілия аға «Отан» орденімен марапатталды. Бұл да ұжымның мерейін асырған айта қалсын жаңалық!

Биылғы жыл Jas qazaq газеті үшін де көптеген жаңалығымен келгенін айта кетейік. Мәселен, газетіміз Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Тіл туралы заңның қабылданғанына 30 жыл толуына орай берілген алғыс хат шығармашылық ұжым еңбегінің жемісі.

Айтпақшы, келер жылы газетіміздің жарық көре бастағанына 15 жыл толады. Осы орайда басылымның оқырмандары мен авторларына, аймақтардағы тілшілерімізге газет ұжымы атынан алғыс айтамыз! Алдағы жылы да ел игілігі үшін Сіздермен бірге жұмыс істеуге жазсын!

Қазақы ұғым бойынша, бұрынғылар келе жатқан Тышқан жылын молшылық жылы болады деп есептеген. Тарихта Тышқан жылында бірде-бір рет ашаршылық болмапты. Соған қарап, келер жыл халқымыздың өмірінде берекелі жыл, шаруалардың қамбасы тоқ, малшылардың қорасы қонды болады деп ойлаймыз. Өткен жылға өкпе жоқ. Жаңа жылдан күтеріміз көп болсын!

Жарас КЕМЕЛЖАН

ЖЫЛ ҰСЫНЫСЫ

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазға жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», – деген еді. Осыған орай елімізде тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанымен, әлі де түйткілді мәселелер баршылық. «Алдағы уақытта ана тіліміздің абыройын асқақтатып, қолданысқа кеңінен енгізу үшін не істегеніміз жөн?» деген сауал көпшілікті әлі күнге ойға қалдырып келеді. Бүгін біз қоғам қайраткері, Сенат депутаты Мұрат Бақтиярұлының мемлекеттік тілге қатысты пікірін жариялап отырмыз.



Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
Парламент Сенатының депутаты:

БҰЛ – ЗАҢДЫЛЫҚ!

Ел мен ұлт болашағы үшін стратегиялық маңызы зор мемлекеттің тіл саясатына қатысты қордаланған өзекті мәселелерге Үкіметтің назарын аударған жөн. Осы арада мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру — өзге тілдердің жолын кесіп, олардың мәртебесін төмендету емес. Кезінде түрлі тарихи жағдайларға орай өз жерінде ашылыққа айналып, тілі де, салт-дәстүрі де ұмытыла бастаған халқымыздың ана тілін өлмес тілге, мәңгілік тілге айналдыру мәселесі Ұлы даланың иесі де, киесі де болып келе жатқан халқымыз бен оның зиялы қауымын толғандырып отырғандығы да бар.

Жер бетінде біз ғана көпұлтты мемлекет емеспіз ғой! Әлемдегі көптеген мемлекеттердің біразы көпұлттылық, көптілділіктен бізді орта жолда қалдыра алады. Мысалы, Иран мемлекетінде парсы ұлтының саны ел халқының 54% құрайды, қалғаны өзге ұлттардың өкілдері. Мемлекеттік тілі — парсы тілі! Малайзияда малайлықтар — 65%, қалғандары басқа ұлттар, мемлекеттік тілі — малай тілі! Латвияда 60% латыштар, қалған 40% өзге ұлт өкілдері, мемлекеттік тіл — латыш тілі! Сонымен бірге Грузия, Армения, Әзірбайжан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы да Кеңес өкіметі кезінде қабылданған заңдарын өзгертіп, өз мемлекеттік тілдеріне басымдық беріп отыр. Балтық жағалауы елдері тәуелсіздік алғалы «Мемлекеттік тіл туралы» заңдарына үш рет өзгеріс енгізді.


Ал еліміздің «Тіл туралы» заңы негізінен Кеңес өкіметі кезінде қабылданған қос тілді қолдануды толық сақтауға қызмет етіп келетіні ешкімге жаңалық емес. Ал бұл жағдай елдегі әлдеқашан өзгерген тілдік жағдаятқа толық жауап бермейді. Қазіргі уақытта қоғам да, адами құндылықтар да өзгерді. Ой мен сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар да жанаруда. Дүниеге еркін әрі ұлттық рухы басым, отаншыл жаңа ұрпақ келіп жатыр. Және де бүгінгі қалыптасқан демографиялық, көші-қон үрдісін, ұлттық сана-сезімнің өсуін ескерсек, алдағы уақытта ендігі ұрпақ өз Ана тілінің мемлекеттік қолданыс аясын тез арада кеңейтуді талап ете түсетін болады. Бұл — заңдылық!

(Жалғасы 2-бетте)

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ!

ӘЛЕМДІ ӘЛДИЛЕГЕН ӘНШІЛЕР

Биылғы жыл қазақ мәдениеті мен өнері үшін табысты болды. «Славян базары» фестивалін былай қойғанда, алдыңғы жылы Қытайда өткен халықаралық «I am singer» байқауында бақ сынаған әнші Димаш Құдайбергін миллиардтаған халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Оның мыңдаған фанаты әр концертіне іздеп жүріп баруды дәстүрге айналдырды. Жақында Америкада өткен жеке концертінде тағы да өнерсүйер қауымның сүйіспеншілігі мен



ықыласына бөленді. Оның қазақша шырқаған әндерін әлемнің әр шалғайында өзге ұлттардың да айта бастауы қуантады.

Димаштың ізін басқан жас әнші Ержан Максим де Польшада өткен балалар арасындағы Евровидение байқауында 2-орын алып, жұртты бір серпітті. Миллиондаған көрерменді тамсандырған Ержан келешекте Димаш ағасы секілді дүниенің төрт бұрышына танылары даусыз.

Бұлар – жылдың жасампаз жігіттері!



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
67,39

DOLLAR
378.60

EURO
419,83

РУБЛЬ
6,14



168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

БИЛІК

Елімізде мал ұрлауды кәсіп еткендер қатары азаймай тұр. Оңай олжаға кенелгісі келген ұрылар жайылымда жүрген төрт түлікті былай қойғанда, түнделетіп қорадағы қойыңды, ешкіңді, сиыр мен жылқыны да жымқырып кетудің амалын тауып алған. Оларға оқтаулы мылтық та, қабаған ит те бөгет бола алмауда. Жұрттың жүйкесіне тиген жағдайға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өз Жолдауында алаңдаушылық білдірген еді. Әсіресе, адам өлтіру, зорлау, педофил, мал ұрлығы, браконьерлік, есірткі таратуға, мас күйінде көлік басқаруға жазаны қатайту жөнінде ерекше атап өтті.

Осы аптадағы Сенаттың жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды. Бұл туралы ҚазАқпарат хабарлады.

дейін сотталады. Мал қораға, қоймаға бірнеше рет кіргені үшін — 10 жыл. Аса ірі көлемде және қылмыстық топ болып ұрлық жасаса, 12 жылға бас бостандығынан айырылады.

Еліміздің Қылмыстық кодексіне «Мал ұрлығы» деген арнайы бап енгізіледі. Ендігі жерде сізді ешкім жасыңызға немесе басыңызға қарап сыйламайды. Ағайынгершілік, кешірім дегенді де ұмытыңыз. Біреуді күнкөрісінен айыру

М.Ахметжанов қазір заңсыз аңшылық, балық, су жануарларын аулауға, бағалы өсімдіктерге қатысты әрекеттер теріс қылық санатынан қылмыс қатарына кіретіндігін де жеткізді. Демек, жаза күшейтіледі. Қомақты айыппұл 10 миллион теңгеге дейін көбейеді. Сондай-ақ төрт жыл бас бостандығынан айыру көзделген. Егер қылмыс табиғи қорықта жасалса, Қызыл кітапқа енген аңдарды атқан, балық



МАЛ ҰРЛЫҒЫ: ЕНДІ КЕШІРМЕЙДІ

Әсіресе мал ұрлығы төңіректе өз ойын білдірген Бас прокурордың орынбасары Марат Ахметжанов: «Біріншіден, мал ұрлығы деген жеке бап енгізілмек. Бұл қылмыс үшін басқа ұрлық түрлеріне қарағанда жаза қатал болмақ. Жалпы, бұл норманың маңызы зор. Төрт түлікке қол сұғу — ауыл адамын күнкөріс көзінен айырумен бірдей. Осыған тосқауыл керек. Қазір мал ұрлау кәсіпке айналған», — депті.

Енді бұл санатта теріс қылық пен орташа ауыр қылмыс деген болмайды. Заң жобасында 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру ескерілген. Егер топ болып алдын ала сөз байласып, ірі мөлшерде ұрлық жасаса — 7 жылға

оңай емес. Сондықтан он бас түгілі бір бас малды ұрласаныз да жаза жөнілдетілмейді.

Дәл осындай жаза өзге де ауыр қылмыстарға қарсы қолданылады. Айталық заңсыз есірткі насихаты мен жарнама үшін де жана бап енгізілді. Есірткі жарнамасы үшін қылмыстық жауапқа тарту ескерілген. Ендігі жерде «айыппұл, түзету жұмыстары, қоғамдық жұмыс» деген болмайды. Кінәліні тек бас бостандығынан айыру көзделіп отыр. Заңсыз есірткі айналымы үшін электронды ақпарат ресурстарды пайдалану деген саралау белгісі енгізілмек. Мұндай қылмысқа барғандар темір тордың арғы жағында 15 жыл жатады.

аулағандар — 6 жылға, ал аса ірі көлемде немесе топтасып қылмыс жасағандар 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Осылайша табиғатымызды, аң құстарымызды қорғайтын инспекторды және қорықшының өміріне қауіп төндіріп, күш қолданғаны үшін жауапкершілік енгізу қарастырылған. Мас күйінде көлік жүргізгені үшін де жауапкершілік күшейтілмек. Ендеше, тышқан жылы түрмеге түсуден сак болыңыз! Өйтпеген жағдайда бүкіл өміріңізге өз қолыңызбен балта шабасыз.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ



7

мың отбасы биыл солтүстік өңірге қоныс аударды

653

миллион теңге ақтаулық көлік жүргізушілерінің қазынаға берешегі

7,355

борышкердің қарызы азайтылады

107

Қостанай азаматының үйіне тіркелген адам саны

7,1

миллионнан астам ірі қара елімізде санаққа алынды

10,7

трлн теңге еліміздегі зейнетақы жинағының жалпы сомасы

Аптаның айтары

Марғұм МЫРЗАҒАЛИЕВ,
экология, геология және табиғи ресурстар министрі:



«Сексеуілді сақтап қалу мәселесіне ерекше тоқталғым келеді. Әлем бойынша сексеуілдің негізгі бөлігі біздің жерде. Оның негізгі екі себебі бар. Біріншіден, даланың шөлге айналып кетпеуімен күрес. Екіншісі, топырақ тұзданбау үшін алдын алу жұмыстарын жүргізу керек. Осы ретте мейрамханалар мен дәмханалардың иелерін сексеуілді жақпауға шақырамын. Бұл мәселеге келгенде түпкілікті ой-пайымдарымызды өзгертуіміз керек».

Вероника ШВЕДИКОВА,
Ақтау қаласының тұрғыны:

«Қаланы безендіруге 37 миллион теңге қаржы жаратылды» дегенге сену қиын. Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы шыршаны көрдік. Ойыншықтары да жоқ. Меніңше, өткен жылғыны қолдана салған сияқты. Былтыр да дәл осындай жағдай болған. Ол кезде де наразылық білдірген едік».



Қайрат АҚЫБАЕВ,
Ақтау қалалық ТҚШ бөлімінің басшысы:

«Жергілікті бюджеттен 37 млн қаражат бөлгенбіз. Конкурс нәтижесімен бізде «Атамекен» мекемесі 29 млн теңгеге жеңіп алды. Біздің салған бағамыз бір шыршаға 9 млн теңге жобасында болды. Сонымен бірге қосымша безендіруге жұмсалатын қаражаттар да одан бөлек есептеледі.

Жыл ұсынысы

БҰЛ — ЗАҢДЫЛЫҚ!

(Басы 1-бетте)

Осы бір жағдайды айта отырып, мемлекеттік тілдің заңнамалық нормативтік базасын жанартатын уақыт жеткенін алға тартамыз. Мемлекеттік тілге деген жанашырлық пен мұқтаждық болмайынша, ешқандай бетбұрыс болмайды. Сондықтан да мемлекеттік тілді білу және оны қолдану Қазақстан азаматтары үшін міндет болуы тиіс! Мемлекеттік тілді білу «парыз» емес, «міндет» деп көрсетіле отырып, енді инструменталды (нақты) заңдарға көшу керек, яғни тілге байланысты талаптар заңдарда егжей-тегжей толық жазылып, регламенттелуі керек. Мысалға, мемлекеттік тілді білу — Қазақстан Республикасының барлық азаматтары үшін міндетті. Бірақ әр сала үшін оның деңгейлері әртүрлі болуын



(мысалы, мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді В1-В2 деңгейде, жекеменшік бизнес иелері, сол сияқты уақытша түру құқығын алғысы келген мигранттар үшін А1-А2 деңгейінде білуі қажет) міндеттейтін нормативтік база жасау қажет деп есептейміз.

Сонымен қатар орта білім беру жүйесінде шет тілдерді оқытуды бастауыш мектептің соңында (3-5 сыныптан) бастау, қазақ тілінің интернет кеңістігіндегі контентін көбейту, сапасын арттыру жұмыстарына, соның ішінде қазақ тілінің ұлттық корпусын жасауға қаражат бөлу, дипломатиялық қатынастың барлық түрінде мемлекеттік тілге тиісті құрмет көрсетілуін қамтамасыз ету, Тіл туралы заңның 23-бабында көрсетіліп, орындалмай отырған «Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесін» жасау қажет.

Осы жағдайда ғана тіл саясатындағы әсірекеншілдік жойылып, оның орнына мемлекеттік тілді үйреніп, білуге деген ынта шынайы түрде арта түсер еді. Мемлекеттік тілге деген қажеттіліктің нақты заңнамалық негізі қаланатын болады. Бұл сапалық өзгеріске қоғамда дайындық бар деп санаймыз.

Сондықтан да ендігі арада Үкімет мемлекеттік тіл саясатын жүргізуде нақтылы іске көшу керек деп есептеймін. Бұл орайда тіл мәселесі төңірегінде ұзақ жылдардан бері жинақталып, қордаланып қалған сан алуан түрлі пікірлерді парасат-пайыммен сараптап, бүгінгі Тәуелсіз мемлекетімізде қазақ тілін еркін менгеруге жағдай жасайтын құқықтық негіз қалауымыз керек. Мемлекеттік тілді кеңінен дамытатын да, оның қолданыс аясын кеңейтетін де, бұдан өзге өркениетті жол жоқ.

Жылдың ең үздік Қызықстан қызықтары

АЖЫРАСҚАНЫН АТАП ӨТТІ

Санаулы болса да қымбат көліктер шеруін тойларда көріп, көз үйреніп қалған басымыз жіптей тізілген 60 джипті көргенде, жағамызды ұстадық.



Бұл неғылған көлік дейсіз бе? Оралда бір жігіт әйелімен ажырасқанын ерекше тойлауды ұйғарыпты. Сөйтіп, 60 көлік жалдап, тәртіп сақшыларын аяқтарынан тік тұрғызыпты. Бұл туралы еліміздің ақпарат құралдары жарыса жазды.

Ажырасқанына алақайлап қуанған жігіт Аягөз қаласынан келіпті. Ол әйелі екеуіне ортақ үйді сатып, қаржысын теңдей бөліскен. Ертесіне осы қуанышын 60 джиппен атап өткен. Бұл шеруге қала тұрғындары шағымданғанымен, көлік иелеріне қатан шара қолдана алмаған. Өйткені олар тәртіп бұзбапты.

Үш таған

Елімізде шешімін таппай келе жатқан даудың бірі де бірегейі – алимент төлеу мәселесі. Осы аптадағы Үкімет сағатында алимент төңірегіндегі түйткілдер қайта қаралып, оны шешудің түрлі жолы талқыға түсті.

Елімізде алимент төлеуден жалтарған 14 мың азамат бар. Биыл сот орындарында соларға қатысты 14 іс қана қаралған. Мұның өзі баласынан безгендерге қатысты жауапкершілікті күшейтуді қажет етеді. Сондықтан алиментті борышкердің өзінен емес, оның ата-анасынан өндіріп алу жолы да қарастырылды. Ал бұл тұрғыда кімнің қандай пікірі бар?



Марат БЕКЕТАЕВ,
Әділет министрі:

АЛИМЕНТТІ ОТБАСЫ ТӨЛЕСІН

Баланың әкесі алимент төлемей жүрсе, қаражатты ата-әжесінен өндіріп алу мүмкіндігін қарастыратын боламыз. Мұндай тәжірибе Италияда қолданылады. Ол жакта әйелдің күйеуі алимент төлемей қашып жүрсе, сот бұл қарызды ата-анасының мойнына жүктейді.

Италия соты «ата-анасы осындай жауапсыз ұл тәрбиелеген екен, оның орнына өздері төлеуі тиіс. Оның үстіне, бөтен адам емес, өз немерелері. Олар немерелерін бағып-қағуы керек» деген шешім шығарады. Алайда бізде бұл жүйені енгізбес бұрын, қоғам талқысына ұсынылады.

Жаңа заңға өзгеріс енгізуге үлгеру үшін, осы тақырыпты белсенді түрде талқылағанымыз жөн. Мен заңға мұндай өзгеріс енгізуді қолдаймын. Бұл еліміз үшін оң нәтиже береді. Осылайша, қоғамда әлеуметтік әділеттілік туралы қағиданы қалыптастыра аламыз.

Зейнеткер ата-анасының жиған-терген дүниесі, жеке пәтері, көлігі болуы мүмкін. Егер олардың немерелері киім-кешекке жарымай, мектепке бара алмай жатса, осы қарызды жабуға дүние-мүлкі пайдаланылуы тиіс емес пе!



Мақпал МҰХАМЕДИЕВА,
Алматы тұрғыны:

ҚОЛДАЙТЫН ҰСЫНЫС

Екі баланың анасымын. Жолдасыммен ұлым беске, қызым үшке келгенде заңды түрде ажырастық. Алғашында алиментті уақытылы төлеп жүрді. Кейіннен жаңа отбасын құрып, бізге қарайласпайтын болды. Арада біраз жылдар өтіп, ұл-қызым мектепке барды. Аллығым олардың киім-кешегіне, оқу құралына жетпейді. Сондықтан сотқа қайта талап етіп, алиментті талап еттім. Жұмысым да, тұрақты табысым да жоқ деген желеумен біраз уақыт өткізді. Жеткілікті табысы болмағандықтан, оның қазіргі қарызы 2 миллион теңгеге жуықтады. Сот орындаушылары араласқаннан кейін қайта төлем жасай бастады. Соттың шешімі бойынша осыған дейін жиналған қарызды ұл-қызым көмектестік жасқа толғанға дейін өтеп беруі керек. Сот орындаушыларының айтуынша, қарызын қайтармаған жағдайда заң жүзінде шешім бар. Күйеуімнің өтеймін деген қолхаты бар. Сол арқылы қайта талап ете алады екенмін.

Алиментті әкесі төлемесе, оның ата-анасы төлесін деген жаңа ұсыныс жасалғанын естітім. Меніңше, өз әкесі қашып жүрсе, оның ата-анасы қалай төлейді? Бұған сенбеймін. Бірақ та биліктерілердің сөзінің жаны бар. Немересі аш-жалаңаш отырса, ата-әжесі көмектесуге тиіс.



Нұрлан НҰРҒАЗИЕВ,
Құрылысшы:

АТА-АНАҒА ОБАЛ

Бұрынғы отбасымнан екі балам бар. Қайта шаңырақ көтеріп, ұлды болдым. Осыған дейін Кентау қаласында тұрғанмын. Жұмысым да тұрақты болған. Сондықтан екі баламның алиментін тұрақты төлеп тұрдым. Үй-жайды бұрынғы әйелім мен балаларыма қалдырғанмын. Кейін тұрақты жұмысым болмай Алматыға қоныс аудардым. Пәтер жалдап тұрамын. Құрылыс саласында жұмыс істеймін.

Шыны керек, айлығымыз тұрақты берілмейді. Бір-екі ай кешігіп аламыз. Алматыда ақшасыз тұру қиын. Бір айдан бір айға жеткізуге тырысамыз. Сондықтан екі баланың алиментін төлей алмай отырмын. Егер оны төлесем, пәтердің ақысы төленбейді. Осылай екі оттың ортасында жүрмін. Әрине, олар — менің балаларым. Көмектесуге міндеттімін. Бірақ қазіргі уақытта көмектесуге мүмкіндігім жоқ. Жауапкершіліктен қашпаймын. Кентаудағы үйді сатып екіге бөлсек те болар еді. Алайда үйді екіге бөлсек, балаларым қайда тұрады?

Менің ойымша, алимент төлемей жүрген әкелердің көбісінде менің жағдайыма ұқсас сияқты. Алиментті ата-анамызға төлетпек екен. Ол дұрыс емес-ау. Ата-анамыз біз үшін зардап шекпеуі керек.

KÓKEIKESTI



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

жеткізіп отыр. Тікелей ғана емес, сөзсіз қосымша табыс та түсері даусыз. «Байқоңыр» кешеніндегі «Бәйтеректің» жалпы алғанда, мультипликативті тиімділігі бар.

Бірінші кезекте бұл кешен ғарыш айлағының жаңа тынысын ашады. Сондай-ақ елдеріміз арасындағы жалға алу қатынастарын сақтауға кепіл болады. Әрине, бұл Қазақстан үшін пайдалы болмақ. Дәл қазіргі уақытта «Гагарин старты алаңы» жаңғыртуға дайындық басталды. Сонымен бірге Ресей-Қазақстан арасындағы келісімге сәйкес «Протон-М» кешенін пайдалануға беруді 2025 жылы аяқтау көзделуде. Бізде «Байқоңыр» ғарыш айлағында бір ғана жұмыс істеп тұрған «Союз-2»-нің — 31-ұшыру алаңы қалады. Алайда ғарыш айлағы өз қуатында жұмыс істеп тұрған уақыттан бері жалға алу құны өзгерген жоқ.

Кешенді жаңғырту, сонымен қатар оны пайдалануға беру барысында оған «Бәйтерек» БК» АҚ қызмет көрсететін болады. Оның

ел үшін де ынтымақтастықты жалғастыру, келісімге келу — аса маңызды. Түптің түбінде мұның нәтижесі болары анық.

— Ғарышқа жер серігін ұшыру барысында экологияны қорғау үшін қандай шаралар қолға алынып жатыр?

— «Протон-М» ғарыштық ракета кешенін пайдалану 2025 жылы аяқталады. Бұл мерзім бойынша Ресей мен Қазақстан өзара келіскен. Ал енді экологияға келетін залалды төмендету мәселесіне келсек, «Роскосмос» мемлекеттік корпорациясы осы бағытта көпжоспарлы жұмыстар жүргізіп жатыр. Зымыранды ұшыру барысында кәсіпорындарымыздың бөлімшелері қазақстандық әріптестерімен бірге жабықтардың құлау аумағын тазалауға мұқият көңіл бөледі. Бұл жұмыстарды жүргізуге көп күш жұмсалады.

Бір мезгілде сол аумақтағы жергілікті биліктің де экологиялық жағдайды сақтауға мүдделі екендігін біз жақсы түсінеміз. Сондықтан

облыстар мен аудан әкімшіліктерінің осы бағыттағы жұмыстарын қаржыландырамыз.

— Қазақстан мен Ресей арасында 2020 жылы ғарыш саласындағы бірлескен қызметінде қандай жоспарды іске асырмақшы? Технологиялық немесе саяси өзгерістер күтуге бола ма?

— Жоспар өте көп. Бәрі де екі ел арасында Тұңғыш Президент Н.Назарбаев іргетасын қалаған идеологиялық ынтымақтастық арқасында іске асуда. Бұған қазіргі Президент Қ. Тоқаев



ішінде қазақстандық азаматтар да бар. Бұл жергілікті азаматтар үшін қосымша жұмыс орны болып табылады. Айлақтың туристер үшін де тартымдылығы арта түспек.

— Ресей президенті ракета тасымалдағыштарды ұшыру алаңына Н. Назарбаевтың атын беруді ұсынған еді. Бұған қазақстандықтардың көзқарасы қандай? Бастама ресми қолдау тапты ма?

— Иә, В.В.Путин Мәскеудегі Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесінде Қазақстан павильонын ашу барысында Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың еңбегін жоғары бағалап, «Байқоңыр» кешенін сақтап қалу үшін жаңадан құрылатын ғарыштық зымыран кешеніне Елбасының есімін беру туралы айтқан еді. Ресей президентінің бастамасына қазақстандық әріптестеріміз қызығушылық байқатты. Енді кешеннің жаңа атауын ресми түрде бекіту мәселесі қарастырылуда.

та зор мән беріп отыр. Бір-бірімізге зиян келтіру емес, тату көршілік, тиімді және келісімге негізделген ынтымақтастық қана жемісін береді.

2020 жылдан бастап Қазақстан «Бәйтерек» жобасын қаржыландыра бастайды. Біз айтып отырған «Назарбаев старт алаңы» дегеніміз осы. Біз қазақ әріптестерімізбен бірге осы орталықтың техникалық және жер үстіндегі кешенін жаңғыртуға кірісеміз. Келісімде көрсетілгендей, жаңа экологиялық зымыран тасымалдаушы «Союз-5»-ті құру жолында біздің тарап, яғни ғарыштық ракета өнеркәсібі белсенді жұмыс істеп жатыр. Сонымен бірге «Гагарин старты алаңы» жаңғырту жобасы үлкен ықылас тудырып отыр. Қазіргі уақытта осы жобаға байланысты ұшжақты келісімді сараптау белсенді жүргізілуде. 2020 жылы бұл құжатқа қол қойылады. Мен келешегі зор әрі көптен бері уәде еткен жобаны іске асыратындығымызға сенімдімін.

Сұхбат

«БАЙҚОҢЫРДЫҢ» БЕРЕРІ МОЛ, КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ»

«Байқоңыр» ғарыш айлағы — әлемдегі ірі заманауи орталық. Тәуелсіздік алған жылдан бері полигонды Ресей жалға алып келеді. Осылайша бұл кәсіпорын екі елдің ортақ қазынасына айналды. Ғылымды дамытуға, еліміздің осы салада түрен салуына үлес қосып келе жатқан ғарыш айлағының келешегі зор. «Байқоңырдың» болашағы жері екі елдің ғарышты игерудегі ынтымақтастығы туралы бізге «Роскосмос» мемлекеттік кәсіпорнының Қазақстандағы өкілі Анатолий Красников әңгімелеп берді.

— Анатолий Юрьевич, «Роскосмос» мемлекеттік кәсіпорны қазақстандық әріптестермен бірлесе отырып, был қандай маңызды жобаларды іске асырды?

— Ресей мен Қазақстан арасындағы ғарышқа қатысты ынтымақтастық көпбағытты саясат екенін айта кету керек. Биылғы жыл да босқа өтпеді. Көптеген тапсырма дер кезінде орындалды, көптеген сала бойынша жұмыс жүргізілді. Олардың қатарында ең өзекті ретінде мынаны баса айтқым келеді.

Бірінші кезекте «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін

дамытуға бағытталған жоба. Сонымен қатар ұшжақты келісімге ие «Гагарин старты алаңы» жобасын жаңғыртуға байланысты қайта құру жұмысы белсенді жүргізіле бастады. Бұл жоба аңызға айналған тарихи стартқа жаңа дем береді. Қазір үш жақ — Ресей, Қазақстан және Біріккен Араб Әмірліктері осы жобаны қабылдауға атсалысып жатыр.

Сондай-ақ, «КазСат-2Р» жер серігі жасайтын кәсіпорнын жаңғыртуға да Ресей ғарыш-ракета өнеркәсібі қатысуда. Ол ғарыштағы «КазСат-2-ні» алмастыратын болады. Қазақстан тарапы жаңа аппаратты заманауи интернетпен, телевизия және телекоммуникация қызметімен қамтамасыз етпекші.

— «Бәйтерек» жобасы қалай іске асырылады? Жоба үшін Қазақстан жеке бюджетінен қанша қаражат жұмсамақшы және бұл алдағы уақытта қаншалықты табыс әкеледі?

— Қазіргі уақытта осы жоба бойынша өмір шындығына сай нормативтік-құқықтық база жасалуда. 2004 жылғы Үкіметаралық келісімге быттыр тамыз айында енгізілген өзгерістерді ратификациялау ісі аяқталуға жақын. Бұл жаңа зымыран тасымалдағышына өтуді нақтылайды (Союз-5). Біз қазақстандық әріптестермен бірге осы келісімге енгізілген өзгерістерге қатысты жаңа хаттама жобасын жалпы келістік деуге де негіз бар. Құжат «Бәйтерек» біріккен кәсіпорны» акционерлік қоғамының жобаға сай жұмыс



істеуіне, жобаның коммерциялық жағынан дамуына мүмкіндік береді. Оған да тауу уақытта қол қоятын боламыз.

Қаржыландыру бойынша айтарым, Қазақстан келесі жылдан бастап жер үстіндегі «Зенит-М» техникалық кешендерін жаңғыртуға шамамен 233 миллион АҚШ долларын жұмсайды. Нәтижесінде ескі кешеннің орнына жаңасы пайдаланылады. Ол келешекте ресейлік «Союз-5» және «Союз-6» ракета тасымалдағыштарын ұшыруға қауқарлы.

Екі елдің мамандары жобаның экономикалық көрсеткіштерін есептей келе, кешеннің 13 жылда өзін-өзі ақтайтындығына көз

Қазірдің өзінде бейресми құжат алмасу және келіссөз барысында «Бәйтерек» атауымен қатар «Назарбаев старт алаңы» деп атала бастады. Енді мұны ресми түрде бекіту ғана қалды.

— Бүгінге ғарыш саласында шешілмеген қандайда бір түйткілдер бар ма? Оны шешу жолдары қандай?

— Бізде Қазақстанмен ғарыш саласында қарым-қатынас белсенді жүргізіліп келеді. Алайда кез келген ынтымақтастықтың өз түйткілі болады. Меніңше, бұл қалыпты жағдай. Әр жақ өз талаптарын қояды. Содан көзқарас сәйкессіздігі туындайды. Әркім өз мүддесін қорғауға тырысады. Алайда екі

Сұхбаттасқан
Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Баға

Сырттағы суық ауаны іштегі жылы ауа жұтып қояды екен. Жаурап келген жұрт сырт киімдерінің түймесін ағытып, сөрелерде самсаған көкөністер мен жеміс-жидектерді көргенде, жадырап сала береді. Біз де сондай күйі көштік. Бірақ әрі қарай аяғымыз баспай қойды. Кімнен не туралы сұраймыз? Базардың ішкі сырын айтып беретін жан табыла ма? Осы сұрақ мазамызды қашырып тұрғанда, кіреберісте сауда жасап тұрған ерлі-зайыпты жастар назарымызды аударды.

— Аға, келініз, не іздеп жүрсіз?
— Жас жігіттің жылы дауысы өзіне шақырғандай болды.

Жанына бардык. Амандык-саулықтан сон:

— Басқа жактан ал не бізден ал, айырмашылық жоқ. Саудамызды жүргізіп кетініз. Елтеп түсіріп берейін, — деген ол, тіпті көкөніс салатын калтаны да дайындап үлгерді.

— Сәл сабыр сакта, інім, менің сұрайын дегенім...

Екеуміздің әңгімемізді жүре тындап жүрген келіншегіне бірдене ұнамай тұрғанын ішім бірден сезді.

— Ешқайсысының бағасын түсірмейміз, — деді ол ашуланып.

Күйеуі күмілжіп қалды. Әйелінің жөнсіз шамданғанын байқаған жігіт

Жаңа жыл алдында жағымды жаңалықты еш жерден ести алмадық. Қымбатшылықты әрбір сөреден байқайсыз. Кентаулық келіншектің әңгімесінен байқағаным, Алматыға келген 15 жылда Көк базардың көркі кіргеннен басқа түк жоқ.



ТЫШҚАН ЖЫЛЫ ТАЯҒАНДА БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

«кешірініз» деп сөзін жалғады.

— Базар деген түсініксіз орта ғой, аға. Менің істеп жатқаным алты ай болды. Тәжірибе жинақтап, таразыдан жеуге үйренгенше біраз уақыт кетеді, — деп әзіл-шынын араластыра күлді. Осыны естіген келіншегінің көзі бақырайып кетті.

— Марат, не әңгіме айтып тұрсың? Ертен өз басымызға бөле болады.

Келіншегінің күйіп-піскеніне ұялған жігіт: «Осы әйелдер-ақ қанды ішіп бітті», — деп ауыр күрсінді.

— Әр сауда столының өз бағасы бар. Мысалы, мен ұзындығы 1 метр, ені 80 сантиметрлік орынды жалға алғаным үшін айына 30 мың теңге төлеймін. Оған қоса, күніне зертханаға — 300 теңге, жеке кәсіпкерлігім үшін бөлек төлеймін. «Базардан байып кетіпті» деген сөзді естігеніммен, соған өз басым сенгім келмейді. Айталық, таңғы сағат 6-да Алтын орда базарына барамын. Ол жактан көтерме бағамен алған көкөністерді осында таксимен 3-4 мың теңгеге жеткіземін. Оның барлығы мүшекте болғандықтан, арасында қаншасы жарамсыз қалғанын ешкім білмейді. Әйтеуір ант-су ішкен азаматтар бізден құтылғанша асығады. Көлікке дейін қоларбамен кемі 500 теңгеге жеткізесің. Бұл жерде орнына дейін жеткізуге тағы да 500 теңге жұмсайсың. Ақша деген су.

— Болды ғой енді, не айтып тұрсың?
— Кербез келіншек жанымызға қайта келді. Ашуы бетіне шығып кеткенде, бүкіл сұлулығынан айырылады екен.

— Тфу, — жігіт келіншегіне көзін алартты. Бұл енді «өлетін жерімді өзім де білемін» деген сынайы секілді.

— Бауырым ренжіме, аты-жөніңді айтпасаң да болады. Суретінді де сұрамаймын. Тышқан жылы тіршіліктерін түзелсін! — дедім.

Ол рахмет айтып қала берді.

Үлкен қатарға көз тастадық. Ақшасы бар адамға Алматы дегенін тәтті өмірдің ордасы. Көкөністер мен жемістерді санасан, саусақ жетпейді. Қып-қызыл қызанағын да, көкпенбек қиярын да, уылжыған жүзімін де, мандарин, апельсин, анар, киви, банан... Әй санап тауыса алмайсың-ау, бөрін.

— Аға, келініз, сіз үшін төмен бағамен беремін, — зыпылдаған Асылбек деген жігіт саудала 20 жылдан бері жүргенін айтып мақтанды. Аскабақ аласыз ба, бір кесіндісі 150 теңге, картоптан қаласаныз Көкшетау, болмаса Нарынколский алыңыз. Келісі 130-150 теңгеден. Баға айырмашылығы жеткізілген жердің алыс қашықтығына байланысты. Пияз бен сәбіз 200 теңгеден. Сіздердің зейнетақыларыңыз аз, түсінеміз. Алыңыз, — деп аласұрған жігіт қарама-қарсы столдағы жігітті нұсқап. — Анау менің жездем. Одан алмаңыз. Таразыдан жегеннен басқаны білмейді, — деп бір қойды.

Оның салдыр-гүлдір әңгімесіне жездесі шамданып қалды.

— Анау айтқан бағалар қымбат аға. Мен содан 30 теңге түсіріп беремін, алыңыз?

Құдай-ау, қарап тұрып көкпардың ортасына түскен құлындай болдым.

— Бұлар жынды әзілдеседі, — деген көрші келіншек сабырлы күйінен танбай, — ерегіскенде менен ала салыңыз, — деп жымиды.

— Базар дегенініз — былық еді ғой, аға. — Ақшаны базаркомдар әр орынға бір, базбұзарлар келіп екі жинап кететін. Макагаев, Пушкин көшесінің бойынан адам жүре алмайтын еді. Қазір шүкір. Тәртіп орнады. Бірақ адамдардың жан дүниесі өзгеріп кетті. Бұрындары келіп-кетушілер кісіге жылы ұшырап қарайтын. Қазір бір түрлі. Салқын. «Осы таразыдан жейді-ау. Бұлар байып кеткендері» деген секілді қарайды. Маған ылғи солай көрінеді. Ал өмір шын мәнінде басқаша. Бұрын Кентау қаласына жакын маңдағы ауылда тұратынбыз. Күнкөріс үшін Алматыға келіп, саудаға шықтық. Аллаға мың да бір шүкір, үй алдық. Тұрмыс құрып, балалы болдық. Алайда көкөніс алушылар біздің жағдайымызды қайдан түсінсін. Олар үшін біз бір алыпсатар секілдіміз.

— Енді сөрелеріңіздегі заттарыңыз қалай сатасыз? Сол жағын айтып берінізші?

— Бір сататын заттарды күнделікті Алтын ордадан жеткіземіз. Ол жактан арзанға алу өзара келісуге байланысты. Осында үстіне 30-40 теңге қосып сатамыз. Марокконың мандарині — 750 теңге, жүзім — 450 теңге, лимонның бір данасы — 100 теңге, сарымсақтың бір түбі — 250 теңге. Осылай кете береді. Дәл қазіргі баға соншалықты аспандап кетті деуге болмайды. Жылдағыдай. Жаңа жыл алдында ештеп көтерілетіні түсінікті ғой...

ОҚЫРМАН ОЙЫ

Раушан КӘРІШАЛОВА,
Алматы тұрғыны:

— Қазір саудагерлермен бірден әңгімелесе кету қиын. Өзіңе де, сөзіңе де күдікпен қарайды. Суретке түсіруге рұқсат етпейді. Табысы туралы мәлімет айтпайды. Оларды да түсінуге болар. Қазір екінің бірінде телефон. Түсіріп алады да әлеуметтік желілерге тарата салады. Сондықтан ұятқа қалғысы келмейді. Екіншіден, базар бағасы ешқашанда төмендемейді. Баға тек маусым кезінде ғана амалсыздан түседі. Сатушылардың бәрінің Алтын ордада өз танысы бар. Мүмкіндігіңше төмен бағаға алады. Ал бұл жерде 30-40 теңге қосып сататынын өз басым сенбеймін.

Көк базарда көкөніс сатушылардың арасынан бір келіншекті 25 жылдан бері білемін. Есімі — Дариға. Жастық шағын осында өткізді. Ол да Кентаулық. Отбасын құрып, балалы-шағалы болып отыр.

— Білесіз бе, аға, Макагаев жакта ашық жерде сауда жасаушы едік қой. Ой, қыста қатып қалатынбыз.

— Қарындасым, шыныңды айтшы, сатушылардың барлығы базардан байыған ешкім жоқ. Ақша күнкөріске өзер жетеді дегенді жиі айтады. Қаншалықты рас?

— Аға, байымаса, осы базарда 10-12 жылдан бері сауда жасай ма? Мен өзгелер үшін жауап бере алмаймын. Бірақ адамнан жасырғанды Алладан жасыра алмайсың. Өз басым саудаға адалмын. Біреудің қалтасын қакканда ұшпаққа шыға алмайсың.

Енді бір танысқан келіншегіміздің есімі — Айнагул. Жоғары білімді мұғалім. Күнкөріс үшін саудаға шығып кеткен. Содан мектепке қайта оралмаған.

— Енді мектепке мүлде бара алмаймын. Оқу бағдарламасы өзгеріп кетті. Мұғалім таныстарым мектепті айтсаң, зыр жылайды. Одан да базар жақсы. Бас қатыратын ештеңе жоқ. Адам болған сон, кейде ренжісіп қаласың. Қазір жұрт базарға келгенін міндетсінетін болған. Көкөністі,

Алматының айтулы жерлерінің қатарына Көк базар да кіреді. Орналасқан орны оңтайлы, қала тұрғындары мен қонақтары үшін құтты мекен. Бұл базардың «Береке» деген әдемі атауы да бар. Бірақ «Береке» десеңіз, бәріміздің басымыз қатады. Ал Көк базар десеңіз, зағип кісі де жол сілтеп жібере алады.

Сол сауда орталығы соңғы жылдары кескін-келбетімен тартымды бола түсті. Қосымша ғимарат — жалпы көлемі 20 000 шаршы метрлік павильон салынды. Бұрындары базар сыртында қашып-пұшып сауда жасайтындар жылы орынға қоныстанды. Біз де базарға саяхатымызды көне ғимаратқа жанаса салынған жаңа павильоннан бастадық. Өйткені «арзан» деген өнімнің барлығы осында.

жемісті тандап алғысы келеді. Оған тандап берсең, арасында сапасы нашарлауын кім алады? Ондай нәрсені байқаптай, арасына салып жібереміз. Ойбай, бұл жағын жазбаңыз.

— Таразыдан қағыстыру жағы қалай?

— Ондай нәрсені базардағы бір сатушы да айтпайды. Әркімнің іші біледі.

— Саудагерлердің мәдениеті қалыптасты ма?

— Не мәдениет? Қалаған затын өлшеп береміз, болды. Сырласып жатқан біз жоқ! Уақыт та жоқ.

— Көкөніс, жеміс-жидек өтімді ме?

— Бұрынғыдан да өтімді. Өйткені, диета ұстайтындар

көбейді. Көкөніс пен жеміс-жидекпен ғана өмір сүретіндер бар.

— Әсіресе әншілер көбірек келетін шығар.

— Олар негізінен үстіңгі қабаттағы «элитный» базарға барады. Ол жерде баға өте қымбат. Ә, айтпақшы, өткенде бір әнші осында жүрген. Қаракөзділік тағып алыпты. Аты кім еді?

Қасындағы әйел де белгісіз әншіні есіне түсіре алмады. Осы жерде Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Макпал Жүнісованы көріп қалатындар барын естеріне түсірді. Ол кісінің бір келгені бір жылға әңгіме.

— Қандай да бір қызық оқиғалар болып тұра ма?

— Мұнда не қызық бар? Атақтысың ба, атаксызсың ба? Бізге бәрібір. Кім тауар алса, сол кісі бізге жакын. Өткенде бір әйел екі келі картоп алып, екі пакет затын тастап кетіпті. Бір айналып келді. Бердік. Қуанып қалды.

Сол сәтте көрші столдағы сұлу қыз шыр-пыр болды да қалды. Қасындағы жігітпен әңгімелесіп тұрып, жүзім алған кісіден ақшасын алуды ұмытып кетіпті. Зыр жүгіріп таба алмады.

— Әй, ол енді оралмайды. Өткенде бір әйелдің ақшасын қайтаруды ұмытып кетіппін деп отыр едің ғой... Соның орнына кетті де...

— Қойыңызшы, әшеңгі!

Базар іші де, сырты да бұрынғы арбақештерден арылған. Тіпті қоляскасын тамақ пен сусынға толтырып алып сауда жасайтындарды да кездестірмейсіз. Сол жердегілердің айтуынша, ұрлық-қарлық болып тұрады екен. Саудаласып тұрған кемпір-шалдарды айналсоқтап жүретін жас жігіттерді көргенде, өзінен өзін ұяласын.

ПІКІР:

Рашид АЯПБЕРГЕН, Алматы тұрғыны:

— Менің Александр деген көршім болды. Сол дүниеден өтерде баласына мені Көк базарға бір апарып келші. Соңғы рет көрім келеді депті. Не ойлағанын кім білсін? Бірақ зат алуға жши баратын Көк базарды сағынған болар...

Иә, бұл жерге талай тарландардың да табаны тиген. Келешекте де келетіндер азаймасы ақиқат. Тышқан жылын төрге шығаратын уақыт таяған сайын «Берекенің» берекесі таси бастағандай. Келушілер көп. Бұрынғыдай «қымбат қой» деп қиналған жандарды көре қоймайсыз. Бұл ай сайын шарықтайтын бағаға бой үйреткеніміз бе, әлде амалсыз мойындағанмыз ба, әйтеуір түсініксіз жағдай.

Иә, бағаның өскені білініп тұр. Әсіресе жұрт жиі алатын қызанақ пен қияр 1000 теңгенің айналасына барып қалды. Ал жемістеріңіз шексіз шарықтаған. Кепкен өрік — 1500, ең арзан жаңғақ — 1000, қандақ — 1500, құрма — 1500, кешью жаңғақтары — 4500, жергілікті мейіз — 800, бадам — 1500, құрғақ абрикос — 2000 теңге. Бәрінен де байып жатқан өзбек пен тәжік ағайын секілді. Олар сатып тұрған құрғақ жемістерді екінші бірі сатып ала алмайды. Өте қымбат. Тіпті дәмдеуіштер де шарықтап кетіпті. Тәжікстанның бұрынғы Ленинабад өңірінен келіп, сауда жасап жүрген Хувайдо дәмдеуіштердің барлығы дерлік Тәжікстан, Үндістаннан жеткізілгенін айтады. Алайда сапасы төңірегінде «лабораторияда тексеріледі» дегеннен басқа түк айтпады.

Зертхана демекші, алматылық санитар дәрігерлер осы аптанда Көк базардан алынған сүт өнімінің қауіпті бактерия тапты. Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшысы Айзат Молдағасимованың айтуынша, сүтте жалпы микроб мөлшерден асып кеткен. Соматикалық жасушалардың құрамы, стафилококк табылды. Яғни бұл өнім мүлдем ластанған.

Қысқасы, қалаған затыңызды қымбат болса да, келісу арқылы бағасын елтеп түсіріп алуға мүмкіндігіңіз бар. Алайда көкөніс пен жеміс-жидектің де тұтынушы қолына тигенше, қай жерде қалай сақталғанын ешкім білмейді. Сондықтан оның бағасымен қатар, тазалығына да мән беріңіз.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Бағдар

Өткен жылдың қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниялар тобында ілеспе мұнай газын (ІМГ) кәдеге жарату деңгейі 93%-ға жетті. Осылайша компания тарихындағы ең жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Бұл туралы ҚМГ-ның 2018 жылғы Тұрақты дому туралы есебінде айтылады.

Есептегі дерекке сүйенсек, газды жағу көрсеткіші өндірілген көмірсутек шикізатының 1000 тоннасына шаққанда 6 тоннаны құрайды. Бұл Мұнай және газ өндірушілер халықаралық қауымдастығының орташа әлемдік көрсеткішінен 50%-ға дерлік төмен (орташа көрсеткіш — 12,1).

ИНФОГРАФИКА



Мұндай көрсеткішке қол жеткізу Прорва кен орындары тобында газды кешенді өңдеу қондырғысын іске қосудың арқасында мүмкін болды.

Нәтижесінде, Атырау облысындағы Прорва кен орнында алаудан шығатын парниктік газдың көлемі 80%-ға қысқарып, 41,5 мың тоннаны құрады (2017 жылы 211,6 мың тонна болатын). 2030 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» ІМГ-ның алау арқылы тұрақты жағылуын мүлдем тоқтатуды көздеп отыр.

Айта кетейік, ұлттық компания жыл сайын кәдеге жаратудың жаңа нысандарын салып, жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта жанартуда және құбырлар мен инфрақұрылым құрылысын



қаржыландырып келеді. Мысалы, пайдалануға берілген Ақтөбе облысындағы Қожасай кен орындағы кешенді өңдеу қондырғысы газды жағудың көлемін 173 миллион текше метрден 50 миллион текше метрге дейін азайтуға мүмкіндік береді.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

25 жылдық мерейтойын атап өткен «Заң» Медиа-корпорациясы» ЖШС-на қарасты «Заң газеті» мен «Юридическая газета» басылымдары жариялаған «Детективтік шығармалар» байқауында Jas qazaq ұлттық апталығының жауапты хатшысы Жарас Кемелжанның «Қанды сүттің дәмі» деп аталатын шығармасы 1-орын алғанын хабарлаған едік.

Байқау қоржынына шытырман оқиғалы 72 шығарма түскенін ескерсек, Жарастың жазған туындысы қазылар алқасынан лайықты бағасын алғаны даусыз.

Бүгін біз сол туындыны оқырман назарына ұсына отырып, әріптесімізге шығармашылық табыс тілейміз.

Ерні кеберсіп жатып, оянып кетті. Тілі тандайына жабысып қалған. Танауына қан иісі ме, әлде сүт пе, бір жеңсік ас келгендей болды. Айналасы қараңғы екен. Жан-жағын сыйпалап, иіс шыққан жерді іздеді. Екі тізесі қу ағаштай қатып қалыпты. Иілмейді. Орнынан тұра алмай, еңбектеп жатып қолы жеткен жерді қармайды. Ілінді-ау, әйтеуір! Бұл бір қуанып, бір суынды. Сүп-суық зат қолын темірдей қарып барады. Сонда да бар күшімен өзіне қарай тартты. Шамасы келмеді. Қатып қалған ба, орнынан жылжымайды. Енді сүйретіліп жатып, өзі жетті. Бұрын мұндай тас түнектен түйме іздейтін қос жанары мына қараңғыға әлі үйренісе алмай әлек. Алаканын қарып бара жатқан әлгі зілбатпанды саумалап отырып, жоғары өрлеген. Бетіне жылымшы бірдеме тигендей болды. Бойы тіксініп, денесі қалшылдап кетті...

Бұл Коляның адам сойған ең алғашқы түні. Одан бері қанша апта, қанша ай өтті? Қаншама бейкүнә жанның қабырғасын қак айырып, омыртқасын үзіп, жулынып жұлып алды? Есінде жоқ. Ойласа, санынан жаңылады. Бір қызығы, ол жемтігін бас салып, қанын судай шашпайды. Көзіне түскен жанның бөріне пышак ала жүгірмейді. Өзіне ұнаған адам ғана болады. Соның артына апталап, айлап түсіп жүріп, қармағына түсіреді. Басқа адам сойғыштар сияқты емес, Коля кісінің жасына, түр-түсіне де қарамайды. Ол өзінің құрбандығынан жеңсік иіс тапса, танауы қанға бөкпей, әлгі адамның қыр соңынан екі елі қалмайды-ау, қалмайды...

Коляның азан шақырып қойған аты бар. Бала күнінде үлкендер «Қалыш» деуші еді. Есейе келе «Коля» атанып кетті. Өскеменде туып-өсті. Бір жастан асқан кезі болу керек, анасын маскүнемдер пәтеріне кіріп, қан-жоса қылып пышақтап, өлтіріп кетеді. Бұл сол кезде марқұм шешесінің құшағында болған. Үлкендердің айтуынша, Қалыш екі күн — екі түн өлген әйелдің омырауын еміп жатыпты. Жансыз мүрделен сүт шықсын ба, көршілері келіп бала мен ананы ажыратқанда, сәбидің езуінде қатқан қанды көбік болыпты.

Қалыштың әкесі анасының жылы өтпей жатып басқа біреумен бас құрап кетті. Бұл ата-әжесінің құшағында қалған. Бірақ өсе келе тұр-түсі түсініксіз әлдебір бейнені іздейтінді шығарды. Оның кім екенін, не үшін іздейтінін өзі де білмейді. Бір қызығы, қасынан әйел өтіп бара жатса, бұл соның соңынан еріп, әлдебір жұпар иісті сағынатындай. Бала күнінде оның бөрі кешірімді, жарасымды еді. Тіпті, ауылдағы кейбір жас келіншектер том-томпақ Қалышты құшақтап, көзінен, бетінен сүйіп жататын. Бұл олардың омырауына басын тығып, құшырлана иіскейтін-ді. Ержете келе онысы ерсі көріне бастады...

Осыдан үш жыл бұрын Коляның ата-әжесі қайтыс болып, жас жігіт Өскеменді тастап, Алматыға жұмыс іздеп келеді. Әйдік қалада екі қолға бір күрек табу аса қиын соқпады. Қолайына жаққан шаруаны қайырып, тапқан азын-аулақ тыиы-тебесіне күнелтіп жүрді.


Бір зауытқа күзетші еді. Танғы елен-аланда кезегін ауыстырып, үйіне қайтады. Талғар жақтағы иесіз саяжайлардың бірінде тұрады. Автобусқа Саяхаттан мінеді. Күндегі әдеті бойынша сол жерге келді. Айдалмаға жеткені сол, екі мінінен әрең демалған автобус жүргелі тұр екен. Бұл да мінді, көлік те қозғалып кетті. Адам көп. Жолаушылар бірінші үстіне бірі мінгесіп, әрен тұр. Қалыш та көп ішінде қысылып әлек. Бір кезде оның алпыс екі тамырын иітіп, алдыңғы жақтан бір жұпар иіс танауына талып жетті. Түні бойғы ұйқы меңдеп, бір жағынан, бойын балқытып әкетіп бара жатқан анау жұпардың күші мұның еркін алып қойғандай. Нөпірдің ішін бұзып-жарып отырып, автобустың алдыңғы жағына өтті.

Танауына талып жеткен хош иістің иесін тапты. Ақ сары, жүзінен нұры төгілген уыздай жас келіншек екен. Жақындап келіп, тұмсығын әлгі келіншектің шашына тықты. Адам көп болған соң ба, анау да қарсылық танытпай, жылы жымиып үнсіз тұра берген. Қалыш дәл солай қанша уақыт тұрғанын білмейді. Бір кезде сары келіншек орнынан қозғалып, есікке қарай беттегенде ғана бұл есін жиып алды. Қай жерге жеткенін түсініп жатқан жоқ. Әлгі хош иістің соңынан ерді. Көліктен түскенде байқады, өзінің үй жағына жақын маң екен. Жол бойында екеуден-екеу қалған соң, бұл келіншекке тіл қатты...

Сол күнгі таныстықтың соңы бұларды тез жақындастырып жіберді. Жас келіншектің күйеуі жол апатынан қайтыс болыпты. Өзі осы Талғардың қызы. Аты — Салтанат. Күйеуінен бір қызбен қалыпты. Қалыш оған не үшін жақындап жүргенін өзі де анық білмейді. Ал жұпар аңқыған келіншек болса, жігітті жақсы көріп қалдыға жорып, бақыттан басы айналды. Салтанат та түнгі кезекте жұмыс істейді. Күндіз қолы бос. Бір күні Қалыш мұны саяжайдағы құжырасына шайға шақырды.

Қоңыр күздің май тоңғысыз әдемі шағы болатын. Қыз бен жігіт қолтықтасып келіп, шарбағы сынған, ашық-шашық жұтаң үйге тоқтады. Қалыш: «Салта, мен осында тұрып жатырмын. Уақытша бөрі. Үй жұпыны болғанымен, көңілім таза. Кел, қонақ бол» — деп, есігін ашты.

Жастар ұзақ отырды. Шай ішті. Шайдан соң, әйел кірген үйдің берекесі келіп, қазан асылды. Сөйтіп, бір-ақ сәтте иесіз саяжайда тіршілік тынысы пайда бола



Қолжазба: F. КАШИВА

қалды. Салтанат шешесіне қоңырау шалып, бір жаққа баратынын айтып, алдын ала сұранып қойыпты. Онысы қандай жақсы болған. Арқаны кеңге салып ұзақ отырды. Сырласты, мұндасты. Қалыш арасында жүгіріп барып дүкеннен қызыл шарап әкелді. Шарартың буы буынға түскенде, иесіз саяжайды махаббат елесі кезіп кеткен. Қалыш өмірінде әйел затын көрмегендей өлермендене, сондай бір құштарлықпен Салтанатты сүйіп, құша бастады. Төсек көрген әйелде тағат болсын ба? Еркектің құшағын аңсап-шөлдеп жүргенде, өзімен құралпы зінгіттей жігіттің өліп-өшкені бұған да майдай жаққан. Балбырап барып, талықсып кетіпті. Бір кезде көзін ашса, омырауында баладай жабысып бақырдай бас жатыр...

Содан бастап бұлар жиі кездесетін болды. Қалыш онаша қалса, жас келіншектің омырауына жүгіреді. Емізуді бала дерсіз. Күндердің бір күні Салтанатты әлдебір еркектің қасынан көріп қалады. Өзін ұстай алмай әлгі жігітке қол ала жүгірген. Қой дегенге көне ме? Анау да бір жойт екен, Қалышты қан жалатыпты. Содан бастап Салтанат мұның ішінде бұққан алапат мінезінен қаймығып, кездесуге шықпайтын болды. Ал Коля болса, жас келіншекті аңуды шығарды. Үйінен шыққанда, жұмысынан қайтқанда жолынан күтіп алып, мазасын алып жүрді. Икемге көнбеген соң, бір күні Салтанатты сүйреп отырып саяжайға алып келді. Әйел табиғаты күшке көнсін бе, қарсыласып басты.

Салтанаттан айырылса, өмірі тозаққа айналатындай болған Қалышта сабыр қалмады. Алысып жүріп жас әйелді қылқындырды. «Ашу — дұшпан» деген рас екен, ойда-жоқта сағынышына айналған Салтошын тұншықтырып өлтіріп алды. Онысын өзі де байқамаған. Жұмарлап әкеліп төсекке жатқызды. Қос анарын ашып

жіберіп, еміреніп тұрып бас қойсын... Қанша жатқанын білмейді. Көзін ашса, құшағында қатқан қайыстай болып сіресіп, денесі мұздай Салтанат жатыр. Сонда ғана өзінің не бүлдіргенін түсінді. Өгіздей өкіріп, кеміктей егіліп жылады. Одан қайыр бар ма?! Он-солын әлі толық танып үлгермеген жас жігіт әйелдің мүрделсін көміп тастаудан қорықты. Өлімге де қимайтындай. Есі де кіресі-шығасылы. Жансыз мүрдені бір апта ермек қылды. Күнде жұмыстан келе сала көрпе астында жатып иістене бастаған мүрдені ашып жіберіп, көз жасын көлдетіп, шандыр тартқан қос омырауға бас қояды...

Сол бір сүркейлі кештен кейін, Қалыштың жұпар иіске деген құмарлығы, тіпті асқынып кетті. Көшеден танауына таныс иіс келсе, соның артына түсіп, есі ауысқан жандай менірейіп, еміреніп кете беретін болды. Біреуіне қолы жетті. Ал қолы жетпегендерін Салтанатты қылқындырғандай қылтамақтан алып, саяжайға сүйреп әкелетінді шығарды. Тіпті, сол үшін Өскеменде қалған жаман «Жигулин» де алып келді. Жұмыстан кейін Алматы мен Талғардың арасына адам тасиды. Максаты — ақша табу емес, танауын тесіп бара жатқан әлгі хош иіс. Көлікке мінген адамда артық қарсылық болмайды екен, бірден саяжайға тартады. Қандауыздың ісіне құнығып алғаны соншалық, кәнігі жаналғышқа айналды. Алдымен «олжасын» құмары қанғанша емеді. Содан кейін мүшелеп сойып, саяжайдың жертелесіне тастай салады, тастай салады...

Алты ай қыста өз еркімен әкелгені бар, күштеп-зорлап жеткізгені бар — жеті-сегіз қыз-келіншекті жәукемдепті. Сонда да құмары бір қанбады-ау, пәтшағардың. Сол жылы көктемде бұл кезекті бір құрбандығын шығралап, саяжайға жете бергенде қолға түсті. Қыстай құрыққа ілінбей жүрген. Күн жылынғанда күлімсі иіс шыққан соң, ары-бері өткен жолаушылар жергілікті әкімдікке хабарлапты. Әкімшілік қызметкерлері иісті індетіп жүріп, әлгі сүркейлі саяжайдың жертелесіндегі қалың мүрденің үстінен түспей ме. Кісі танымастай кескілеп тастаған. Қолы — қол, бұты — бұт боп жатқан қалың мүрделен ұранын ауызы жабылмай қалыпты. Көрген адамның иманы ұшатындай суық көрініс. Суық хабар жергілікті полиция департаментіне жетеді. Олар қандықолды ұстау үшін саяжайды күзетке алған. Әлденеден секем алғандай, Қалыш апта бойы Талғар жаққа ат ізін салмай қояды.

Тағы да елен-алаң шақ. Саяжайдың төмен жағынан шоқалақтаған жаман «Жигули» көрінді. Көлік тура тартып отырып өлік сасыған жаман үйге бір-ақ тоқтамай ма. Көліктен екеу түсті: біреуі ер, екіншісі әйел. Әйел қолқаны қапқан күлімсі иістен жиіркеніп, мұрнын басты. Манағы сүркейлі үйге аяқ басқысы келмей, кері шегінді. Қасындағы енгезердей еркек оны қоярда-қоймай, орнынан тік көтеріп алды да желе жөнелді. Сол сәтте бөріні аңдып тұрған сакшылар сарт-сұрт қимылға көшті. Қыз көтерген еркекті біреуі мұрттай ұшырсын...

Қалыштың тергеушіге берген жауабын тыңдаған жұрт жағасын ұстады. Коля жұпар иіске құмарлығын, сол иістің жолында жанын беруге даяр екенін айтыпты. Тергеушіден кейін, Қалыштың әңгімесінен психолог қыз тандаған. Оның сотқа берген жауабында бөгенайы бөлек мынадай бір сөйлем жүрді:

«Қалыш Батырбекұлы сәби күнінде ана меіріміне, шешесінің ақ уызына қанбаған. Анасын маскүнемдер өлтіргенде, шешесінің өлі тәнін қан шыққанша емген. Содан адам бойында қанды сүтке, жұпар иіске деген құштарлық қалып қойған. Қалыш сол жұпар иіс пен қан татыған сүттің кермек дәмін есейгенше іздеген. Әйел атаулыдан сол иістің, сүттің дәмін іздеп, осындай қылмысқа барып отырған» — деп жазыпты.

Тағы да елен-алаң шақ. Саяхаттан тозығы жетіп, шоқалақтаған бір «Жигули» шықты. Тізгінде азу тісін ақситып күліп, қасындағы қызға құмары ашылып, бір жігіт кетіп барады...

Жарас КЕМЕЛЖАН

Пікір

АЛТЫН АРҚАУ

Қадірін қаламға жүктеген адам ең алдымен әрбір жазған дүниесі оқырманның жүрегінен жол тапса, соны қуаныш санайды. Өйткені, ой арпалысынан туған дүние елдің санасына жетіп, сәуле түсірсө, қоғамға қосқан үлестің үлкені сол болмақ. Мейлі көп, мейлі аз жазайық. Мейлі терең, мейлі саяз пікір білдірейік, бөрінің де қоғамды алға жылжыту үшін септігі тиеді. Осы тұста, журналистің бағын ашатын баспасөз туралы, әсіресе газеттер туралы айтпай кетуге болмайды. Себебі журналист сан қырлы болуы керек. Ал әр басылымның өз қыры, мақсаты, жолы, арқалайтын салмағы бар. Оқырмандар сонысына қарап, таңдап оқып, ой әлеміне талғажау етер дүние іздейді.



Бастау көзін сонау XIX ғасырдан алатын қазақ баспасөзі бүгінде қадірі артып, бағы асқан деңгейге жетті. Олар көз жетпеген жерге сөз жететінін де дәлелдеп келеді. Оның қайсыбірін парактап отырсаң, орамды ойлар мен оқшау пікірлерге қанығасың. Әсіресе кейінгі жылдары бағытын түзеп, бабын алға оздырған басылымдар да жұрттың ықыласына көп бөленіп келеді. Сол қатарда Jas qazaq ұлттық апталығы бар десек, қателесе қоймаспыз. Алдымен оқырмандар басылымның атына көзі түседі. Сосын: «Jas qazaq-тықтар не дейді?» деген оймен парактай бастайтынын көп көріп, көңілденіп қаламыз.

Аталған газеттің ең алдымен дизайны жұртты өзіне жақсы тартады. Ондағы қыз-жігіттердің асыл ойынан шыққан түрлі-түсті безендіруді өзгеді жарты ғасыр, тіпті ғасыр жасалды деп алақайлап жүрген басылымдардың беттеушілері күнде актарып, ұнамды деталдарын пайдаланып отырғанын жиі көретінімді несін жасырайын. Ал газеттің әр санында жарияланған тұщымды мақалалар мен сараптамалар көзі түскен жанды еріксіз баурап алатыны тағы бар. Газет сонысымен өміршен, сонысымен республиканың түпкір-түпкірінен оқырманын тауып жүр. Jas qazaq елді емес, ел Jas qazaq-ты іздейтін кезге жеткеннің өзі бір қуаныш! Сол беттердің арасынан өзім жазған дүниелерді көргенде маркайып қалатынымды несін жасырайын. Бір-екі жылдың жүзінде Jas qazaq-қа жазып келемін. Ол дүниелерім де жұрттың ықыласына бөленіп жүр деген сенімдемін. Биыл Jas qazaq-тың атынан ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталғаным соның айғағы іспетті. Әрине, халқымызда: «Сыйлық қымбат емес, сүйіну қымбат» деген сөз бар. Бұл елдің сүйініші емес пе? Сол сүйінішке жеткізген тағы да аталған басылымның биік белесі.

Қашанда өткен мен бүгіннің арасына көпір болып, ел мерейін, жұрт беделін өсіретін алтын арқау — баспасөз. Осы тұрғыдан келгенде, ардақты басылым Jas qazaq газеті ғасырлар көшіне арқау салған сапарында арманымызды ұштап, сенімімізді нықтап, көңілімізден шыға береді деген ойдамыз.



Қажет АНДАС,
Алматы
облысы бойынша
меншікті тілші

Өмірдің өзінен

Қырықтан қадам асқан келіншек келіктің алдыңғы орнына, ал жас жігіт артқы орындыққа жайғасты. Терезеден сыртқа қайта-қайта қарағыштап, біраз үнсіз отырды. Былайша ашық адам секілді болғанымен, әлдекімнен қымсынып отырғандай көрінді. Содан соң артына қайырылып көз тастағанда, өлгі жігіт қатталы телефонның ішіне кіріп кеткен еді.

— Макос, «Алтын ордаға» барамыз ба?

— Жок, өзіңіз бара беріңіз.

— Жалғыз өзім қалай барамын, ағаң өлтіреді ғой...



Жеңгелер-ай, жеңгелер...

— Моншаға барып келгенше үлгересіз.

— Ал моншаға бармай қалса, сен барғанда үйде отырса ше?

— Айтамын ғой, түсіндіріп...

— Болмайды, басқаша ойлап қалады. Әйел адам еркектің алдында өтірікші болмауы керек. Бір алдасам, ол маған өмір бойы сенбей өтеді.

Жігіт үнсіз қалды.

— Мейлі, үйге бара берейік...

— Баланыз шаршап қалыпты ғой, — дедім қарап отырмай.

— Шаршап қалды, — деп күлді келіншек.

— Үйдің кенжесімін, — деп жігіт те жымынып қойды.

— Қайным ғой, атын атамаймын. Мен үшін — Макос.

— Ал сіз — Кокос.

— Есімім — Қарлығаш. Әзілдеп отыр.

— Мынау баланыз емес, кайыныыз секілді ғой...

— Дәл таптыңыз. Жекеменшік кайным. Осыны үйлендіріп, келін жұмсап, екі қолымды жылы суға салып отырғым келеді.

— Керісінше, ыстық суға салып, қолыңыз күйіп қалмасын.

Жеңгесі мен кайынысының әзілі мен әңгімесі жараса кететіні бірден байқалып тұрды. Әдемі бір көрініс көз алдыма келді.

Иә, бұрындары жеңге мен кайны арасында айта жүретін әңгіме көп болушы еді. Қазіргілер әсерлі сәттерді аңғармай ма, есте ұстамай ма, әлде аласапыран уақыт қазақтың қымбат құндылықтарын құртып жіберді ме, білмедік. Жеңге мен кайын арасындағы қалжындардың бірі де жоқ. Бұл туралы дастархан басында ауыздан бір әңгіме де шықпайды. Әлде әдемі әзілден айырылып қалдық па? Осылайша өткен күндердің бәрі сағынышка айналып барады.

Ертеректе ерекше әрі екшелей алатын дүниелер көп сияқты еді. Айтылған әңгіменің әрқайсысының арғы жағында адам тағдыры тұратын. Оның ықпалы да күшті еді. Шынын айтсақ, сондай бір бақытты шақтардың базары тарқай бастағандай. Жыл өткен сайын адамдардың арасы алыстап, суынып барады. Бір отбасының мүшелері дастархан басында түгел отырып, жарыттып әңгіме айтпайтынын

көргенде, көзіңізге жас келеді. Қолдарында — қалта телефоны.

Бірде жана түскен келін отбасында «Нысана» деген жана топ ашып алыпты. Бір күні шай үстінде телефоннан көз алмаған ата-енесіне, қайындары мен қайынсіңділеріне «шай суып қалмасын» деп хабарлама жіберіпті. Бұл енді болған оқиға. Ал болмағаны қаншама! Осындайdan да болар, тамақ ішкенін не ішпегенін де байқамай қалатындар бар. Мұндайда кайынысымен қалжыңдасып, қайынсіңдісімен сырласып отырған жеңгені көрмейсіз. «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» дегендей, әңгіме тиегін ағытатын ақ жаулықты аналар да азайғандай. Тым-тырыс дүние. Ал жақындасудың, жақындастырудың жолы қандай? Мысалы, «бөленшенің ұлы әйел әкеліпті» десе, жұрт кәдімгідей қуанып қалатын. Ауыл аралайтын

да бетіне басады. Бұл сөзді әке-шешесі де қоштай кетеді. «Қорықпаңдар, жылаймын» десе де, жігіттің уәдесіне үйдегілер сенімсіздік білдіреді. Содан әлгі қайыны «осыларды бір қатырайын» деген байлама келеді. Ерtesіне таң біліне ұйқысынан оянып, үйдегі биені мініп, ауыл шетіне барып тұрады. Жұрт қорадағы сиырларын шығарып, бақташының алдына салып беріп жатқанда, әлгі кісі үйге қарай аттың басын жібереді. «Ойбай-ай, ойбай, әкем-ау, шешем-ау, сендерден бір түнде айырылып қалдым-ау» деп көшені басына көтереді. Көрші-қолаң аяқтарынан тік тұрады. Алғашқы болып бір-екі көршісі «қаралы үйге» кіріп барса, шал мен кемпір апай-топай киініп жатыр екен. Алаңғасар ұлдың тірлігіне налыған ауылдағылар «мұның не, дап-дардай жігітсің. Елден ұят емес пе?» деп қыспаққа алады. Сонда жігіт «Мына жеңгем әке-шешен өлсе де жыламайсын деп қоймады. Қалай жылайтынымды дәлелдегім келді» деген екен.

Бұл енді ерсілеу болса да әдемі әзіл.

— Иә, жеңгелеріміз кішкене кезімізде бізді қуалайтын, есейген соң біз оларды қуалайтын болдық, — деп мен де әңгімеге май тамызып қойдым.

Келіншек те әңгімешіл, сөз берсең өткен күндерді өрнектеп жіберетін жан екен. Тағы бір әңгіменің тиегін ағытты.

— Менің Күлия деген жеңгем болды. Келінді сынау үшін қайнағалары балаларына кітап оқып беруді тапсырып, өздері де сол жерде отырып алады. Сонда ол кісі өзі түскен отаудағы үлкен-кішісі бар барлығының аты аталып қалмауынан қорқады екен. Аттас кейіпкер болса, сол есімді өзгертіп жібереді. Мысалы, кітапта Қуат деген қайнағасының аты кездесіп қалса, «Энергия» деп оқуды жалғастыра береді. Қызық көріп, қанша сынаса да атаудан жалтарып кететін келіннің пысықтығына үлкен кісілер қайран қалып жүреді.

— Жас болсаң да көп сынақтан сүрінбеген секілдісің ғой өзің, — дедім келіншекке.

— Аллаға шүкір, әр келін аузын байқап сөйлесе, әр қадамын байқап басса, отбасында тыныштық та, береке де болады.

— Ал енді мына кайыныыздың аяғын қашан тұсайсыз?

— Бұл әлі жас. Жиырмадан енді асты. Бірақ үнемі қызды алдымен маған таныстыр деп айтып жүремін. Болмаса, менің де достарым бар. Қыздары тәрбиелі, бой жетіп келеді. Бізбен құда болуға қарсы емес, қайта қуанады. Әсіресе интернет арқылы, түнгі клубта таныспауды айтып отырамыз. Ол жақсы нәрсе емес. Қазір ажырасудан көп нәрсе жоқ. Дұрыс танымайтын отбасынан қыз алу қажет емес. Ал өзін жақсы танитын адамдармен құда болудан артық ештеңе жоқ. Тегі қандай, ағайынмен аралас-құралас жағы қалай? Білмейсің ғой. «Тектіден текті туалы» демекші, не де болса, текті жерден қыз алу керек. Солай ма, кайыным?

— Қойыңызшы, менің қызым бар. Қаласаныз да, қаламасаныз да, соны әкеп беремін, — деген қайыныс артқы айнаға қараған маған көзін қысып қойды.

— Көреміз, Гүлайна құрбымның Гүлзат деген қызы бар. 9-сыныпта оқып жүр. Ол мектеп бітіргенше, сен де ер жетіп қаларсың, — жеңгесі сықылықтап күлді.

— Бұдан үлкен кайыым бар. Ойнамаса жүре алмайды. Бір жолы тойға барғалы жатсам, үстіме су шашып кетті. Көйлекті қайта үтіктеп, әйтеуір ағасы келгенше дайын болдым. Ақыры мен де оны қатырайын дедім де, сәбіімнің үлкен дәретін қағазға орап, кәстөмінің қалтасына салып қойдым. Ерtesіне шайдан соң «Женеше, ойын көтере алмайды екенсіз. Дос балалардың алдында ұятқа қалдым» деп күледі.

— Мына әзілдеріңіз сұмдық екен. Достарыңыз, болмаса абысындарыңыз келінді қалай таңдап жүр?

— Мен білетін абысындарым мен достарымның бәрі ұлдарын «интернет арқылы» үйлендірген жоқ. Бәрі таныс арқылы келінді болды. Бір абысынымыз сонау Атырауға тойға барып, таныстарының қызына көзі түскен ғой. Арада алты ай өткенде сырға салып қайтты. Осындай түсіністік болған жерде үйге жаман келін келмейді.

Әңгімемен отырып, Сайрана қалай келгенімізді де білмей қалдық. Артқы орындықта ұйықтап қалған қайынысын оятып алған келіншек «кой, тездетіп үйге барайық, ағаң іздеп қалар» деп көліктен түсті. «Шіркін, келіндердің бәрі осындай болса» деп ойладым.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Даму

Елімізде шағын және орта бизнеске қолдау көрсету жыл өткен сайын жақсарып келеді. Айталық «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы көптеген кәсіпкердің өз кәсібін субсидиялауына мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде көптеген шағын кәсіпкер иелері өздерінің алғашқы жұмысын бастаған болатын.



Бүгінгі таңда экономикамыздың дамуы — елімізде бизнестің қарқын ала бастағанын байқатты. Бағдарлама өзінің тиімді жастарын көрсетті. Халыққа тұрақты жұмыс орындары ұсынылып, экономикалық дағдарыс кезеңінде бизнес субъектілерін сақтап қалды. Өйткені әлемдік экономикада болып жатқан тұрақсыздық елімізде айналып өтпесе де, өзінің кері ықпалын байқатты. Бізде соған жол берілмеді. Мемлекетіміздің қолдауымен көптеген ұйымдар сауықтырылды.

Қалалар мен ауылдарға дейін жалғасып жатқан кәсіпкерлікке қанат бітті. Бүгінде шағын бизнес өкілдері халық тұтынатын дайын тауарларды ел ішінде өндіре бастады. Бизнесін жолға қойған азаматтар отандық тауарларын жоғарғы сапамен саудаға қолжетімді бағамен шығаруда. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында атап көрсетілгендей, мәселенің барлығы адам капиталының өсуінде болып тұр. Капиталдың өсуі — бұл ел болашағының кемелденгенін көрсетеді. Кәсіпкерлердің бастамасымен ұйымдастырылып жатқан іс-шаралардың барлығы ел игілігі үшін жасалуда. Елдің дамуы — Қазақстанның гүлденуінің белгісі.

Мөлдір ЕСМАМБЕТОВА,
Алматы қаласы Әділет департаментінің «Әуезов ауданы бойынша аумақтық бөлім» филиалының сот орындаушысы

Жадыңызда жүрсін!

КӨМЕКТЕН ҚҰР ҚАЛМАҢЫЗ

Атаулы әлеуметтік көмектен үміткерлер 2020 жылдың қаңтарынан бастап тиісті орындарға құжат тапсыра алады. Осыған байланысты еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері Түркістан облысына сапары барысында тұрғындарға атаулы әлеуметтік көмек берудің жаңа ережелерін түсіндірді.



Бірінші вице-министр Е. Жылқыбаев 1 қаңтардан бастап 4 және одан да көп көмелетке толмаған балалары немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі оқу бөлімінде оқитын студенттері бар отбасыларға отбасының табысына қарамастан, сараланған мөлшерде: 4 балаға — 42 496 теңге; 5 балаға — 53 127 теңге; 6 балаға — 63 757 теңге; 7 және одан да көп балаға — 74 388 теңге мемлекеттік жәрдемақы төленетіндігін айтты.

Сондай-ақ кепілдік берілген әлеуметтік көмек аясында 1 жастан 6 жасқа дейінгі табысы аз отбасылардың балалары азық-түлікпен және гигиеналық заттармен қамтамасыз етіледі. 6 жастан 18 жасқа дейін оларға мектептерде ыстық тамақпен, оқу құралдары мен мектеп киімдері беріледі. Мектепке дейінгі жол жүру шығындары да өтеледі. 18 жасқа дейінгі балаларға медициналық көмек, оның ішінде стоматологиялық көмек тегін көрсетіледі.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Биыл қазақтың біртуар ұлы, халқымыздың ең алғашқы адвокаты, Алаш қайраткері Райымжан Мәрсековтің туғанына 140 жыл толады. Осыған орай, *Qazaqstan* ұлттық телеарнасы түсірген «Беймәлім Алаш» атты деректі фильм де Мәрсековтің бет-бейнесін толық ашқан. Фильмде Райымжанның саяси қайраткерлігі, ұлт жанашыры ретіндегі еңбегі, заңгерлік қызметі толық баяндалыпты. Осының өзі Мәрсеков сияқты қазақтың қайраткер ұлдарын іздеп табуға жасалған нақты қадам екені анық.

Бұған дейін Алаш арыстары туралы фильм түсіру түгілі, олардың атын атаудың өзі арман еді. Іздеушісі жоқ, сұраусыз, елеусіз жатқан бейбақтарды қалың қазаққа танытудың төте жолы – олар туралы фильм түсіру, еңбегін көрсету. Соңғы жылдары қазақ үшін отқа күйген ұлт зиялылары туралы көпсериялы немесе деректі фильмдер түсіріле бастады. Бұл ұлт тарихын түгендеуге, қазақтың арыстарын қайта тірілтуге бағытталған нақты жоба. Әрі-беріден соң ұлтты рухани жаңғыртатын дүние екені хақ. Өскелең ұрпақ қазақтың тәуелсіздігі жолында басын бөйгеге тіккен, ұлт тұтастығы үшін отқа түскен Райымжан Мәрсековті білмейді, танымайды. Тіпті кітаптан да оқымағаны даусыз. Сол үшін де «Беймәлім Алаш» сияқты деректі фильмдердің берері мол. Деректі картинада Райымжанның Алаш арыстарымен бірге бодандыққа қарсы күрескен ерлік істері, білімдарлығы жақсы ашылған. Одан бөлек, қазақтың құқын қорғап, білімі мен білігінің арқасында талай «қыл көпірден» аман алып өткені айтылады.

Патша жандармериясы 1899 жылы студенттер толқуын күшпен жаныштағаннан кейін, ең белсенді әрекет жасаған студенттерді университеттен қуды. Райымжан да кара тізімге ілініп, оқудан шығарылып, сәуір айында Омбы қаласы арқылы Өскемен уезінің Айыртау болысына келеді. Біршама уақыттан кейін ізденіп жүріп, қайтадан университетке қабылданып, оны 1902 жылы тәмамдайды. Осы жылдың желтоқсанынан 1911 жылға дейін Орыс география қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей қаласындағы бөлімшесіне (*подотдел*) мүше болып қабылданып, белсене араласып, түрлі тақырыпта өтіп жатқан пікірталасқа қатысады. Қазақ өлкесіндегі басқару ісіне, облыстық сот пен старшынды сайлауға қатысты «Қырғыздар арасындағы алғашқы сайлау туралы» деген тақырыпта баяндама жасайды. Ол сайлау барысында қазақтардың бірнеше партияға



бөлініп, ел басқару ісіне қатысты облыстық соттар мен старшындарды сайлауда оларды ақсақалдар сайлауы емес, тікелей қара халықтың сайлауын, яғни төте сайлау енгізу жөнінде ұсыныс жасайды. Райымжанның бұл ұсынысы қызу айтысқа түседі. Бұл пікір кейін жұртшылық арасына кеңінен тарап кетеді.

1917 жылдың 15 маусымынан бастап алаштын Семейдегі бөлімі болған «Сарыарқа» газетін ұйымдастырып, алаш қайраткерлері Халел Ғаббасұлы, Имам Әлімбекұлы, Райымжан Мәрсеқұлы, Шынже Керейбаевтың редакторлығын кезектесіп атқарып, газет беттеріне Алаш қозғалысы туралы хабарын, Алашорда үкіметінің қаулы-қарарын, құжатын жариялайды. Осы «Сарыарқа» газетінде

Райымжанның «Көпшілдер кесірі — шет мемлекеттердегі қозғалыс», «Зан жобасын даярлайтын комиссия», «Керектің керегі — ғылым», «Оқшау сөз» сынды мақалалары жарық көрді.

1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Райымжан Алашорданың Семей облыстық комитетінің басшыларының бірі болып, көптеген кәделі қызмет атқарды. Ал Қазан төңкерісінен кейін 1917 жылы Семей облыстық казак комитетінің төрағалығына және облыстық атқару комитетінің мүшелігіне сайланып, казак жерінде жана тәртіпке жұртты түсіндіру, құрылтай жиналысына камдану, казак пен орыс арасын жайластыру, билік құрған

Райымжан Мәрсеков — 5 адамдық делегация Семей қаласынан Шәуешек қаласына барып, босқан ел мен жергілікті халықтың тұрмысымен танысып, хал-жайын біліп, жаңадан құрылған Алаш партиясы, Алашорда үкіметінің жаналықтарымен хабардар етеді. Шәуешек казактары жас Алашорда өкіметіне Алаш партиясының іргесінің берік болып, казактың жарқын болашағы үшін табанды күрескер бола беруіне тілектестік білдіреді. Алаш делегациясын Шынжан өлкесінің бастығы Ян Зын Шин мырза қабылдап, маңызды саяси сипатты әңгіме өткізеді. Қытай өкілі Алашорда үкіметінің достық қарым-қатынаста болуын, әрі көмек сұрай келуін құп көреді. Алайда өз ішінде Азамат соғысы болып жатқандықтан, көмек берудің еш мүмкіндігі жоқ екендігін айтып шығарып салады. Бұл сапардан казак делегациясы атамекеніне жабырқап оралады.

Райымжан Мәрсеков Алашорда милициясын (*әскерін*) құруға белсене араласқан. Сонымен қатар 1918 жылы 11 маусым күнгі «Әскер полкін жасақтау» туралы шығарған жарлығына сәйкес, осы полкті жасақтау үшін сайланған 36 мүшенің арасында Райымжан да бар еді. Ол Алаш азаматтары М.Дулатов, Б.Сәрсенов, С.Дүйсембин, А.Қозбағаров, М.Боштаев, М.Тұрғанбаев, И.Әлімбековтермен бірлесе отырып, Алаш полкін жасақтауға атсалысады. Бұл ерікті әскер (*милиция*) отрядтары Оңтүстік майдандағы әскери қимылға қатысып, қызылдарға соққы берген. 1918 жылдың жазында Алашорда бастаған күштер және большевиктер мен кенестің соңына ерген күштер өкімет үшін ашық күреске шықты. Осындай жағдайдан кейін еріксіз Кеңес өкіметін мойындауға мәжбүр болған Алашорда ақыры өз жұмысын тоқтатты. Оның көсемдері мен белсенді қайраткерлері Кеңес өкіметі мекемелеріне қызметке кірді. Р.Мәрсеков те кеңес қызметіне араласты.

Райымжан туған халқының жарқын болашағы жолында қалам қайратымен де айтарлықтай қызмет етеді. Ең алғашқы мақаласын Петербург университетінде оқып жүргенде жазып, «Дала уалаяты газеті» бетінде жарық көреді. Газетке

ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ АДВОКАТЫ

Заңды білу, адам еркіндігі сияқты құқықтық мәселелер қазір де маңызды. Ал осыдан бір ғасыр бұрын бұл, тіпті өзекті болғаны анық. «Қараңғы қазақ даласынан» шығып, заң ғылымын оқу, оқығанын кәдеге жарату, өз халқының құқын қорғау – қылышынан қан тамған патша өкіметі кезінде де, кейінгі Кеңес үкіметі тұсында да оңай болмағаны рас. Империяның күшіне мініп, «бұратана» халықтарды қойдай қырып жатқан қызыл майдан қыл тұсау кезінде білімі мен білігі биік болмаса, қазақтың құқын қорғау анау-мынау адамның қолынан келмейтін даусыз ақиқат! Фильмде сөз сөйлеген тарихшы, зерттеушілер Райымжанның «Тар жол, тайғақ кешуден» жол тауып, өз ұлтына төнген қайыпке қасқайып қарсы тұрған батырлығы мен адвокаттығын ер қырынан жақсы талдаған. Мұндай фильм Алаш қайраткерлерінің бәріне жеке-жеке түсірілсе де артық етпейді. «Беймәлім Алаштың» ұлтқа да, ұрпаққа да берері мен айтары көп. Осы орайда біз Райымжан Мәрсековтің өмірі мен қызметі, қайраткерлігі туралы жазылған зерттеу мақаланы назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Райымжан Мәрсеков 1879 жылы бұрынғы Семей облысы Өскемен уезінің Айыртау болысында (*қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданында*) дәулетті отбасында дүниеге келген. Арғы атасы Сасықбай Терістанбалы Найманның ішіндегі Семей, Өскемен өңіріне танымал шешен, ұшқыр ойлы, даналығымен белгілі болған адамдардың бірі. Сасықбайдың сүт кенжесі Мәрсек кезінде Өскемен өңіріне атағы шыққан, Айыртау болысының управителі болған ықпалды, беделді азамат болыпты.

Мәрсек Райымжанды уездік орыс-казак мектебінде оқытып, сауатын аштырған соң, одан өрі оқуына жағдай жасайды. Омбы қаласының классикалық гимназиясына түсіп, оны 1897 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Сол жылы Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургтегі Император университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Университетте оқып жүріп қоғамдық жұмысқа белсене кірісіп, өзі сияқты білім іздеп келген казак жастарымен коян-қолтық араласады. Жакып Акбаевпен бірге студенттік жерлестер ұйымын құрып, елде болып жатқан саяси, әлеуметтік жағдайды қалағалап, мәжілістерінде талқылайды. Жағдайы нашар казак студенттеріне қаражат жағынан көмектесу мәселесін де қолға алады.

Райымжан оқыған жылдар империядағы саяси жағдайдың ушығып, қарсылық қозғалысына оқушы-студент қауымының да белсене араласа бастаған кезі болатын. Бұл әлеуметтік қозғалыстан Ресей империясында аз ұлт өкілінен шыққан оқушы жастар да тыс қалған жоқ. Санкт-Петербургтің жоғары оқу орындарының студенттері ақпан-наурыз айларында бірнеше рет қарсылық ереуілін ұйымдастырып, полицияның озбырлығына қарсы шыққандардың арасында Райымжан да болды.

Ол казак жерінің талан-таражға түсуін өз көзімен көрді. Міне, осы өзгеріс оның саяси қозғалысқа араласуына түрткі болады. Патша үкіметінің казак жеріне жүргізіп отырған қанаушылық, озбырлық әрекетіне қарсылығын қоғамдық қозғалысқа қатысу арқылы білдірді.

Университеттен кейін Райымжан әуелі Семейдің округтік сотында алқаби көмекшісі лауазымында қызметке алынып, оны 1907 жылға дейін атқарады. Ал сол жылы Тобыл округтік сотында Тар уезінің тергеушісі болып тағайындалады. Бір жылдан кейін Омбы сот палатасының шақыруымен қалаға келіп, 1912 жылға дейін адвокатура саласында қызмет істейді. Бұдан кейін Семейге қоныс аударып, қызметке қызу араласып, өзін тез арада білгір заңгер-адвокат ретінде танытты. Сот ісіне түскен арыздың көпшілігі жер дауы, мал, жесір дауы еді. Арағілік кісі өлімі, патша шенеуніктеріне, жер өлшеушілерге қарсылық, орыс пен казак арасындағы кикілжіңге қатысты да іс қаралып тұрды. Ол қызметте казак жұртына қатысты істерді мүкият қарап, қазылардың әділ үкім шығаруына атсалысады. Жазықсыз істі болғандарға ара түсіп, заң жолын білмей дап болған казактарға жөн сілтеп, жәрдемші болады. Қолы әділдікке жетпей жүрген көптеген қандастары оның тікелей араласуымен жалған жалалдан құтылып, бостандыққа шығып отырды. Сондықтан көбіне жазықсыз істі болғандар Райымжанның сот ісіне қатысып, өздеріне жәрдем беруін сұраған.

Райымжан заңгер ретінде патша өкімдерінің казак жеріне жүргізіп отырған жарлықтарының қисынға келмейтінін мінеді. Ұлт зиялыларымен бірлесе шешімін таппаған жер, тіл, дін секілді мәселелерді көтереді. «Айқаптың» редакторы Мұхамеджан Сералин съезд шақыру арқылы бас қосып, ақылдасу туралы халыққа үн тастаған кезде оның ұсынысына орай ең алғаш ой-пікір білдірген Райымжан болды.

Райымжан съезд ашу хақында мынадай талап-тілегін ұсынды:

«1. Бүкіл жұрт бас қосқандай бір съезд ашылсын; 2. Съездін ашылатын орны казак үшін ортақ Орынбор шаһары болсын; 3. Съездін ашылуы сүмбіленің басында болсын. 4. Съезде басқарыла тұғын жұмыста: жер мәселесі, дін туралы, халық сот, мекеме сұрау, думаға депутат сайлау правосын сұрау һәм басқа кеңестер». Дегенмен, съезд ашу мәселесіне сын көзбен қарағандар да табылды. Ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы нақ сол кезде бас қосуға болмайтынын ашық айтып, бірнеше сыни дәлел келтірді. Съезд мәселесін патша үкіметі түсінбей, көш бастаушы зиялылардың сонынан түсуі мүмкін деген күдікте келтірді. Шындығында да, оның күдігі шындыққа айналды. Патша жандармериясы осы жылдары ұлт зиялыларының ер қадамын аңдып, қырағы бақылау орнатты.

Райымжанның өмірі Алаш қозғалысымен тығыз байланысты. Алаштын Әлихан Бөкейханов бастаған сенімді серіктерімен қоян-қолтық араласты. Солармен бірлесе ұлт мүддесіне кереғар пікірдегі отаршыл патша саясатына қарсы жарияланған мақалаларын үзбей оқып, пікірталасына белсене араласып, өз ойын да ортаға салып отырды. «Алаштын» белді бір мүшесі болып, оның міндеті мен мақсатын айқындауға белсене кірісті. Алаш партиясының мүшесі ретінде берілген Райымжанның депутаттығы туралы анықтамада: «Райымжан Мәрсеков присяжный поверенный. Қазір Семей облысының казак комитетінде ағза һәм облыстық соттың председатели. Біздің казак юристері арасында бұрыннан әлеумет ісіне кірісіп жүрген адвокат Райымжан» делінген.



Алдыңғы қатар: оңнан екінші

мемлекеттердің үстінен күзетші болу һәм сол сияқты казакқа тиісті мәселелерге кірісу сияқты іс-шараларды қолға алды. Сонымен қатар Семей қаласында жаңадан құрылған облыстық уақытша казак сотының төрағасы қызметін қоса атқарады. Уақытша казак соты казак арасындағы қылмыстық істі, барша казак арасындағы дауды шешті.

1917 жылдың 27 сәуірі мен 7 мамыры аралығында өткен Семей облыстық съезіне басшылық жасап, автономия құру, комитет ашу, дін, жер, сот, әйел мәселелері, жалпы казак съезін шақыру сияқты мәселелерді қарастырды. Осы съезде құрылған облыстық казак комитетіне мүше болады.

1917 жылдың қазанында Семей қалалық думасының шешімімен Н.Вайсер мен Р.Мәрсеков Том қаласында өткен жалпысібірлік съезге Семей қалалық думасынан депутат болып қатысады. Бұл съезге ұлт зиялысы Ә.Бөкейханов та қатысқан болатын. Қазак зиялылары сібірліктердің автономия құрмақ болған ниетіне қолдау көрсетуге өзін екендіктерін білдірген. Райымжан 1918 жылдың 17 қантарынан 1919 жылдың 23 маусымына дейін Семей облыстық жер басқармасының төрағасы қызметін атқарып, облыс төңірегінде көптеген маңызды істі шешуге басшылық жасап, ел қамын ойлаған дарынды басшы, іскер ұйымдастырушы ретінде көзге түседі. Азамат соғысы жылдарында жер басқармасының өкілі ретінде Райымжан Мәрсеков жергілікті халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді де қолға алды. 1919 жылдың қантарында басқарманың және Алаштын қырғыз серіктестігінің өкілі ретінде шалғайдағы Владивосток қаласына сапар шегіп, онда орналасқан американдық «Андерсен, Майер және К» фирмасының бөлімшесімен келіссөз жүргізіп, екі жақ өзара шарттасып, Семей облыстық мекеменің атынан 15 миллион сомның тауарын жергілікті шикізатқа айырбастап әкеліп, дүқара халықты күнделікті тұтынып ең қажетті деген тауармен қамтамасыз еткен.

Райымжанның іскерлігін ерекше танытқан кәделі қызметінің бірі — 1916–1917 жылдардағы толассыз бүліншілік құрбанына айналып, қиыр қонып, шет жайлап кеткен казактардың тағдырына араша түсуі. Сонымен бірге жас Алашорда үкіметінің атынан Қытай өкіметінен көмек сұрай баруы еді. 1918 жылдың жазында Алашорда басшыларынан Ахмет Байтұрсынұлы, Садық Аманжолов, Міржақып Дулатов,

1899–1900 жылдары оның «Сайлау һәм оның ақырғы запалы», «Қазак билерінің тексерулері», «Бір ауылдан бір ауылға шықпақ турасынан» деген және де тағы басқадай мақалалары басылып, казак арасындағы сайлау барысындағы тартыс, ел басқару ісіндегі орын алып отырған олқылықтарға сын көзбен қарап, бұл саладағы жұмысты халық пайдасына орай жақсарту жөнінде өз ұсынысын көпшілік назарына ұсынады.


Райымжан мақалаларының біразын «Р.М.», «РОМ», «Найман» деген сияқты бүркеніш есіммен жариялаған. Негізінде оның мақалалары тақырыптарының әр алуандығымен, ой-пікірлерінің нақтылығымен, тілінің шұрайлылығымен ерекшеленеді. Райымжан қай тақырыпта ой қозғап жазса да, мәселені терең біліп, терең зерттеп жазуға тырысқан. Өзінің ой-пікіріне заң ғылымы тұрғысынан тұжырым жасап отырған. Ол Патша үкіметінің қанаушылық билігіне, отарлау саясатына қарсы шығып, осыған қатысты ойын «Қазак», «Сарыарқа», «Алаш» газеттері мен «Айқап» журналына жариялап, көпшілік талқысына салады. Жер мәселесіне қатысты «Қазак қайтсе жерге не болады?», «Жер мәселесі», «Ата қонысынан айырылған казак жайы» сияқты еңбектерінде казак даласының бөлшектеңіп, жердің бөрінін мемлекет меншігіне алынып отырғанын айтып, өз жерін казак қалай сақтап қалу керектігіне жауап іздейді.

Райымжан өзін көп салада білгірлігімен танылды. Ол тарих, заң, саясат, әдебиет салалары бойынша терең мағлұмат беруге қабілетті жан еді. Райымжанды сыртқы саясат та қызықтырды. Дүниежүзінде болып жатқан жағдайларды үнемі қалағалап, Англия, Америка, Франция сияқты алдыңғы қатарлы елдердің қол астындағы отар қытай, үнді, филиппин сияқты елдердің өз тәуелсіздігі үшін жанталаса күрес жүргізіп жатқандығын казактың оқырман қауымына газет арқылы жеткізіп отырды. Райымжанның атқарған ісі мен жазған еңбектері оның өмірінің аса мәнді болғанын білдіреді.

«Ұлтшыл», «буржуазияшыл» деген айыптар тағылған Райымжан 20-жылдардың бас кезінде бас сауғалап, Қытай еліне қашуға мәжбүр болды. 1922 жылдан кейінгі өмір жолы туралы деректер жоқ десек те болады. Сондықтан Райымжанның Қытайда өткен өмір кезенін тереңірек зерттеу керек.

Светлана СМАҒҰЛОВА,
тарих ғылымдарының докторы

БҮГІНГІ САТИРА



ТҮЛЕГЕН ТОҚТЫ

Бұл аптада бір істі бастап, аяғына дейін апармай тастап, «ни рыба, ни мясо» дегендей, не әрі емес, не бері емес, дел-сал күй кешесіз. Аптаның соңына қарай екі қолыңызды төбенізге қойып, басыңыз ауған жакқа лағып, безіп кеткіізз келеді. Бірақ баратын да жеріңіз жоқ қой, сорлы-ау. Сәтті күніііз бұл аптада жоқ. Бомапты да.

ТЫРИҒАН ТОРПАҚ

Бизнестегі жолыңыз жабылғалы тұр. Ай бойы болмаған сауданыз «енді болады екен» деп дәмеленбей-ақ қойыңыз. Оңбай банкротқа ұшырайсыз. Сау адамның тамағын ішіп,

ескергеніііз жөн. Қолайсыз күніііз – жұма. Ішкен-жегеніііз желкенізден шығып «құсасыз».

АЗУЛЫ АРЫСТАН

Ең болмаса, бүгін ішпей-ақ қойыңызшы. «Жаңа жылды қалай қарсы алсаң, жыл бойына сондай болып өтесін» дейді ғой, білгіштер. Бәлкім, осы аптаның басында ішпесеніз, соңына дейін



Жыни жұлдыз жорамал

жынды адамның сөзін сөйлейтін уақытыңыз алда. Процентке алған қаржыңыз күн санап өсе түсу-де. Кескен теректей күнде сұлап жататын, өзіңіз айтпақшы, «масыл байыңызды» сатсаңыз да, құтыла алмайтын түрініз бар. Сәтті күніііз – дүйсенбі. Барахолка істемейді. Емін-еркін демаласыз.

СЕМІЗ ЕПІЗДЕР

Сізді осы аптада пара алып жатқан жеріңізден «менттер» ұстағалы жатыр. Екі шоқып, бір қарау аз, бір шоқып екі қарап, сауысканнан сак болыңыз. А, то олар сізді крупно «сындырады». Лажы болса, бұл аптада қолыңыз қышып, алақаныңыз ысып, өліп бара жатса да пара алмай, әліптін артын бағыңыз.

ҚАРА ШАЯН

Ойпырм-ай, ептілігіііз-ай, осы Сіздің. Бұл жолы да жұртты несібесінен қағып, айлықтарын айналымға салып, арсыздығыңыздың аркасында біраз пайдаға кенелгелі тұрсыз. Бұйырсын-ау. Бірақ көптің қарғысы тек кетпейтінін

ұрттамайтын шығарсыз.

Әйтпесе, аузыңыз спирттен құрғайтын емес. Дененізге шырпы тигізсе, шашлық болғалы тұрсыз. Баяғыда бір алкаш: «Арақты өмірімде бір-ақ рет іштім. Қалғанының бәрі пахмель» деген екен. Сіз сол алкаштан асып түспесеніз, әзірге, «шүкір» кем емессіз. Құрғап қалған құлқынды жібіткен күнді – сәтті күнге есептей салыңыз.

БІРТҮРАІ БИКЕШ

Пәнзиланың байына қылымсып, қырындағаныңызды қойыңыз. Ол сізден күдіктеніп жүр. Ұстап алған күні шашыңызды санап, қолыңызға беру қаупі бар. Бетіңізде Пәнзиланың «қолтанбасы» қалуы да ықтимал. Сәтті күніііз Пәнзилаға байланысты болмақ.

«ЖЕЙТІН» ТАРАЗЫ

Бір килограмнан төрт жүз грамм жемесеніз, ішініз кебетін боп жүр. «Таразыдан жеген о дүниеде тасбақа болады» деген сөзден де қорықпайсыз. Бұл дүниедегі полициямен ауыз жаласып

қойғансыз. Өзіңізге сенімдісіз. Айтпады деменіз, осы аптада тәубенізге келесіз. Бірақ бәрі кеш болады. Жақындарыңыз сотқа пара беріп, құтқарып алған күн – Сіз үшін сәтті де тәтті болатын шығар.

СТРАШНЫЙ САРЫШАЯН

Қызыңызды негрлер көп төңіректегеніне қарағанда, таяу арада Африкаға құдалыққа баратын сияқтысыз. «Костюм-шалбар киемін» деп иегіңіз қышымай-ақ қойсын. Жапырақ байлап келетін шығарсыз. Жираф мініп, банан жеп дегендей...

МЕРГЕНСЫМАҚ

Тамақты қарбыта бермей, тартынып ішкеніңіз дұрыс. Мезгілсіз ораза тұтсаныз, тіпті жақсы. Табысты өзіңіз күреп тауып жатсаңыз, сөз басқа. Ал әйеліңіздің базарда күн ұзақ тұрып тапқан ақшасы сіздің қарныңызға құйылуда. Соңғы кездері сіздің «аппетитіңізге» қарап, әйеліңіздің жылағысы келіп жүр. Сәтті күніііз – сенбі. Ол күні тойға барып, тегін тамақ ішесіз.

САҚАЛ САТҚАН ТАУЕШКІ

Өткен аптада үйіңіздің төрінде қонақ боп шалжия жатып, бас жеп, арақ ішіп, киерін киіп, парасын алып, сіздің қызметіңізді

көтеретін боп кеткен лауазым иесі

уәдесін жұтып, сізді сазға отырғызып кетті. Енді одан қайран жоқ. Апта емес-ау, ай бойы ішіңіз қыз-қыз қайнап, тұз жалайсыз. Сондықтан тікен тұз дайындаңыз. Ол әйеліңізге де жететін болсын. Сәтті күн сатып аламын десеңіз де жоқ.

ПОДХАЛИМ СУҚҰЙҒЫШ

Әй, сужукпас-ай, сужукпас. Бастыққа жағынамын деп өзіңізде жоқ өнерге әуессіз-ау. Оған күнді әперемін деп «күйіп» қалмаңыз. Су түбінен маржан теремін деп тұншығып өлменіз, әйтеуір. Әйтпесе, пенде болармысыз...

КОПЧЕННЫЙ БАЛЫҚТАР

Шөліңіз канбай жүр. Тап бір сахарадан келген түйедейсіз. «Суаттан» бас алмайсыз. Тіпті сыраханаға қоныс аударып алсаңыз да болады. Қу құлқыныңыз кебеді де тұрады. «Өлген» балық та сізден бір айырылмайтын болды. Аптаның жеті күні де сіз үшін сәтті.

Ермахан ШАЙХЫҒҰЛЫ,
«Алтын қалам»
сыллығының лауреаты

ҚОЛӨНЕР

Қазақтың көрпесі - Лондонда

Қазақтың ұлттық көрпесі шетелдіктер арасында танымал бола бастады.



Сауда және интеграция министрі Бакыт Сұлтановтың айтуынша, мұның барлығы шағын және орта бизнеспен айналысудың әлдеқайда тиімділігінде болып тұр. Ол: «Нұр-Сұлтан қаласының әкімі болып тұрған кезімде ұлттық дәмді тағамдарды, көрпе-жастықты Лондон нарығына шығардык. Ол жақта ұлттық нақыштағы көрпелеріміз 1000 долларға сатылды. Сондықтан бұл іспен үйде отырған келіншектер де айналысса болады», – деді.

Сондай-ақ министр сұранысқа ие тағамдар мен заттарды нарыққа шығарып, бизнесті дамытуға болатынын тілге тиек етті.

ИНТЕР



Jas qazaq ұлттық апталық басылымының табалдырығын жасқана аптап, қызметке тұрғаным күні көше сияқты еді. Содан бері де бес жыл артта қалыпты. Осы жылдары газетіміздің Бас редакторы Срайыл Смайыл, жауапты хатшы Жарас Кемелжаннан үйренгенім көп болды. Қадамым нығайып, қаламым төселгенін іштей сеземін. Түсіне білген кісіге бұл да бір қуаныш. Өз ісіне жауапты, кез келген сәтте көмегің аямайтын ағаларыммен бір ұжымда жұмыс істегенімді әрдайым мақтан етемін. Өйткені Срайыл ағайдан әр хабар-ошардың нақтылығын, дәлелді болуын, Жолдасбек ағайдан көркемдеп жазуды, Жарастан ер оқиғаның шындығын шынайы көрсете білуді үйрендім.



Алғашқы күні «Айнаға» қарадым

Газетке ең алғаш келген күні Бас редакторымыз 8-бетті дайындауды тапсырды. Ол – «Айна» деп аталады. «Айна» – атына сай, еркін, қызықты ақпараттар мен танымдық материалдар, тақырыптық фотосуреттер берілетін ерекше бет. Сондықтан ең алдымен 8-беттегі материалдармен таныстым. Менін байқағаным, бірде танымал адамдардың «Бала бейнесі», бірде «сатира» сынды көңіл көтеретін материал жарияланып, апта сайын түрленіп отырады. Газеттің соңғы беті «Мүкіс мүйіс», «Қызыл кітап», Jas qazaq галереясы, «Жәдігер», «Біле жүріңіз», «Құле отырайық» сынды айдарлармен ажарлана түседі. Әрбір айлардың өз айтары бар. «Мүкіс мүйіс» сайттағы, жарнамадағы, мекеме маңдайшаларындағы қазақша жазудағы қатені әшкерелесе, «Қызыл кітап» жойылып бара жатқан жан-жануармен таныстырып отырады. Өз басым осы бетті даярлау барысында спорт ардагері, Енбек Ері Жақсылық Үшкемпіров, суретші Еркін Нұрзахан, халық артисі Сәбит Оразбаев, сахна санлағы Жоламан Әміров, жазушы Қуандық Түменбаев, сатирик Ғаббас Қабышев сынды азаматтардың бала бейнесін әзірледім. Олардың балалық шағы туралы әңгімелерінің әрқайсысы бір-біріне ұқсамайды. Қызық. Ал Берік Садыр мен Мұхтар Шерім секілді каламгерлер – біздің көзқаракты оқырмандарымыз, белсенді авторларымыз. Сатира сарбаздарының қоғамдағы кемшілікті дөп басып көрсететін шығармалары өте әсерлі.

Шыны керек, кейде қатені 8-бетке бүкіл ұжым болып іздейміз. Ұжымымыз шағын ғана. Газетіміздің қаржылық жағдайын Рәсима Әкімбекова апай, жарнама, маркетинг жағын Мейрам Құлмұхаметов реттейді. Нұрлан Атантаев ағамыз қызметкерлерді қалаған уақытта дйттеген жеріне жеткізе, Кәмшат Төлешова газеттің ішкі жұмысын үйлестіреді. Ғалия Қалиева газетті беттесе, Айдос Смайылов сайттағы ақпаратты қадағалайды. Осындай ұйымшыл ұжымда жұмыс істейтінімді мақтан етемін.

Газет маған көп нәрсе үйретті, әлі де үйренерім көп. Әріптестеріме айтарым, жаңа жыл табалдырығын жақсы үмітпен аттайық! Тышқан жылы баршаңызға шығармашылық табыс тілеймін!

Макпал НОҒАЙБАЕВА

JAS QAZAQ ГАЛЕРЕЯСЫ



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС – жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ– Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ – Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2192;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы – 25 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.